



Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2013 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Bluetooth – иесінің сауда белгісі және Hewlett-Packard компаниясы оны лицензия бойынша пайдаланады. Microsoft және Windows – Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері. SD логосы осы меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші шығарылым: шілде, 2013 ж.

Құжат бөлшегінің нөмірі: 730501-DF1

### **Өнім туралы ескерту**

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

### **Бағдарламалық құрал шарттары**

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты қайтарып алу үшін, тек пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Толығырақ ақпарат алу немесе компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы сұрау жіберу үшін, жергілікті сату нүктесіне (сатушыға) хабарласыңыз.

---

# Мазмұны

<b>1 Қосылғанда жанатын шам</b> .....	<b>1</b>
Ең жақсы тәжірибе .....	1
Қызықты әрекеттер .....	2
Қосымша HP ресурстары .....	3
<b>2 Компьютермен танысу</b> .....	<b>5</b>
Аппараттық және бағдарламалық құрал туралы мәліметтерді табу .....	5
Қатты дискіні табу .....	5
Компьютерлік бағдарламаларды табу .....	5
Алдыңғы жағы .....	6
Оң жағы .....	7
Сол жағы .....	9
Үстінде .....	11
Астында .....	12
Жапсырмалар .....	13
Жапсырмаларды анықтау .....	13
<b>3 Желіге қосылу</b> .....	<b>14</b>
Сымсыз желіге қосылу .....	15
Сымсыз басқаруларды қолдану .....	15
Интернет қызметін жабдықтаушыны қолдану .....	15
WLAN жүйесін орнату .....	16
Сымсыз рутердің параметрлерін тексеру .....	16
WLAN жүйесін қорғау .....	16
WLAN жүйесін жалғау .....	17
Сымды желіге қосылу .....	18
Жергілікті аймақтық желіге (LAN) қосылу .....	18
<b>4 Көңіл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану</b> .....	<b>19</b>
Вебкамераны пайдалану .....	20
Дыбысты пайдалану .....	20

Дыбысын реттеу .....	20
Спикерлерді қосу .....	20
Құлаққаптарды қосу .....	20
Beats Audio мүмкіндігін пайдалану .....	21
Beats аудионы қолдану .....	21
Бейнені пайдалану .....	21
HDMI құрылғысын жалғау .....	21
HDMI аудио қолдану .....	22
Аудио және видео қолдану .....	22
Медия мен деректерді үй топтары желісі арқылы бөлісуге болады (таңдаулы үлгілерде ғана) .....	23
Медиа алмастыруды іске қосып, үй топтары желісін орнатыңыз .....	23
Мобилді құралдар арасында сымсыз медиа тасымалдау және бөлісу .....	23
Деректерді көшіру немесе синхрондау .....	24
Телефоныңыздан және кері фотосуреттер, видеолар мен музыка бөлісіңіз. ....	24
Android телефонының амалдық жүйесінің (OS) нұсқасын анықтау .....	24
sMedio 360 TrueLink+ қолданбасын телефонға жүктеп алу .....	25
Медиа құралдарын ортақ пайдалану .....	25
<b>5 Пернетақта мен меңзеу құрылғыларын қолданып шарлау. ....</b>	<b>26</b>
Сенсорлы экран қимылдарын пайдалану .....	27
Бір саусақты сырғыту .....	27
Түрту .....	27
Жылжыту .....	28
Қысу/керу .....	28
Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде) .....	29
Шетінен сырғыту .....	29
Оң жақ шетінен сырғыту .....	29
Сол жақ сырғыту .....	30
Саусақты үстіңгі және төменгі жиектерден жылжыту .....	30
Пернетақтаны пайдалану .....	32
Өрекеттік пернелерді қолдану .....	33
Microsoft Windows 8 таңбалық пернелерін қолдану .....	34
Кірістірілген сандық пернетақтаны пайдалану .....	35
<b>6 Қуат басқару .....</b>	<b>36</b>
Ұйқы немесе күту режимін қосу .....	37
Ұйқы режимін қолмен қосу және шығу .....	37
Күту режимін қолмен қосу және шығу .....	37
Оянғанда кезде құпиясөзбен қорғау .....	38
Компьютерді өшіру .....	38

<b>7 Ақпаратты басқару және бөлісу .....</b>	<b>40</b>
USB құрылғысын пайдалану .....	40
USB құрылғыларын жалғау .....	40
USB құралын алу .....	41
Жад картасын салу және шығару .....	41
<b>8 Жоғары өнімділік күйі .....</b>	<b>43</b>
Күнделікті күтуді орындау .....	43
Дискіні тазалауды қолдану .....	43
Дискіні дефрагментациялауды қолдану .....	43
Бағдарламалар мен драйвтарды жақсарту .....	44
Компьютерді тазалау .....	44
Тазалау іс рәсімдері .....	44
Дисплейді тазалау (барлығы біреуде немесе ноутбуктар) .....	44
Шеттері мен қақпағын тазалау .....	45
Пернетақта мен тінтуірді тазалау .....	45
Қауіпсіздік шараларын қолдану .....	46
Windows жүйесінде құпиясөздерді орнату .....	46
Computer Setup (BIOS) құпия сөздерін жасау .....	47
Интернет қауіпсіздігі бағдарламасын қолдану .....	47
Бағдарлама жаңартуларын орнату .....	48
Windows жаңартуларын орнату .....	48
Компьютерлік бағдарламаны жаңарту .....	48
<b>9 Computer Setup (BIOS) және HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралдарын қолдану .....</b>	<b>49</b>
Computer Setup (BIOS) утилитасын бастау .....	49
BIOS нұсқасын жаңарту .....	49
BIOS нұсқасын анықтау .....	49
BIOS жаңартуын жүктеп алу .....	50
HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану .....	51
USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін жүктеу .....	51
<b>10 Сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру және жөндеу .....</b>	<b>53</b>
Қалпына келтіретін медиа жасау және сақтық көшірмесін жасау .....	54
HP қалпына келтіру медиасын жасау .....	55
Қалпына келтіру және жөндеу .....	56
Windows жаңалау қызметін жылдам және оңай қалпына келтіру үшін қолдану .....	57
Барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнатыңыз. ....	57
HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына келтіру .....	58

Сізге нені білу керек .....	59
HP қалпына келтіру бөлшегін қолдану (таңдаулы үлгілерде ғана) .....	59
Қалпына келтіру үшін HP қалпына келтіру медиасын қолдану .....	60
Компьютер жүйесін іске қосу тәртібін өзгерту .....	60
HP Recovery бөлімін жою .....	60
<b>11 Ақауларды жою .....</b>	<b>61</b>
Сымсыз байланыс мәселелері .....	61
WLAN жүйесіне қосыла алмады. ....	61
Қажетті желіге қосыла алмады. ....	61
Ағымдағы желінің қауіпсіздік коды жоқ .....	62
Сымсыз рутерге қосыла алмасаңыз .....	62
Желі күйінің таңбасы көрінбейді. ....	63
Қуат мәселелері .....	64
Компьютер қосылмайды немесе іске қосылмайды .....	64
Қатты дискі қателігі .....	64
Компьютер жауап бермейді. ....	64
Компьютер күтпеген жерден өшіп қалды. ....	65
Computer Setup ақаулықтары .....	66
Компьютер Computer Setup утилитасына кірмейді .....	66
Дисплей мәселелері .....	67
Дисплей бос .....	67
Экрандағы кескін тым үлкен немесе кішкентай немесе кескіндер анық емес. ....	67
Пернетақта және тінтуір мәселелері .....	68
Аудио мәселелері .....	70
Дыбыс шығарылмады .....	70
Компьютерлік бағдарламалар мәселелері .....	71
<b>12 Техникалық сипаттамасы .....</b>	<b>72</b>
Жұмыс сипаттамалары .....	72
<b>13 Электростатикалық разряд .....</b>	<b>73</b>
<b>Индекс .....</b>	<b>74</b>

---

# 1 Қосылғанда жанатын шам

Бұл компьютер сіздің жұмысыңыздың және ойын-сауығыңыздың сапасын арттыруға арналған мықты құралы. Бұл компьютердің мүмкіндіктерін толығымен пайдалану туралы, орнатқаннан кейін қолдануға болатын және осы компьютер арқылы іске асыруға болатын қызықты нәрселер және HP дереккөздері туралы ақпаратты толығырақ қайдан алуға болатыны жайлы осы бөлімнен оқыңыз.

## Ең жақсы тәжірибе

Компьютер параметрлерін орнатып, оны тіркегеннен кейін, мына қадамдарды орындауға кеңес береміз:

- Әлі қосылмаған болса, сымды немесе сымсыз желіге қосылыңыз. Егжей-тегжейлі ақпаратты [Желіге қосылу 14-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Компьютерлік құрылғылар және бағдарламаларымен танысыңыздар. Толығырақ ақпарат үшін, [Компьютермен танысу 5-бетте](#) және [Көңіл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану 19-бетте](#) бөлімдерін қараңыз.
- Қатты дискінің қалпына келтіру дискісін жасау арқылы сақтық көшірмесін жасаңыз. [Сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру және жөндеу 53-бетте](#) тармағын қараңыз.

## Қызықты әрекеттер

- Компьютерде YouTube бейнетаспаларын көруге болатынын білесіз. Ал сіз компьютеріңізді сандық қабылдағыш құралына немесе ойын құралына қосуға болатынын білесіз бе? Толығырақ ақпарат үшін, [HDMI құрылғысын жалғау 21-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сондай-ақ, компьютерден музыка тыңдауға болатынын білесіз. Ал компьютерге тікелей эфирдегі радионы орнатып, бүкіл әлемдегі радио арналарының музыкасы мен бағдарламаларын тыңдай алатыныңызды білесіз бе? [Дыбысты пайдалану 20-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Төмен жиілікті ырғақ әсері, таза және анық дыбысы бар музыканы әнші жеткізгісі келген сарында тыңдаңыз. [Beats Audio мүмкіндігін пайдалану 21-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Кескіндерді және мәтін беттерін оңай басқару үшін жаңа Windows 8 сенсорлық қимылдарын қолданыңыз. [Сенсорлы экран қимылдарын пайдалану 27-бетте](#) бөлімін қараңыз.



## Қосымша HP ресурстары

Компьютерді қосып, осы нұсқаулықты ашу үшін сіз *орнату нұсқаулықтары* қызметін қолдандыңыз. Өнім сипаттамаларын, қолдану туралы кеңестер және басқа ақпараттарды іздеу үшін осы кестені қолданыңыз.

Ресурстар	Мазмұны
<i>Орнату нұсқаулары</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютердің параметрлерін орнатуға және мүмкіндіктеріне жалпы шолу.</li></ul>
<i>Windows 8 негізгі ақпарат</i> нұсқаулығы	<ul style="list-style-type: none"><li>Windows® 8 жүйесін қолдану жолдарын шолу.</li></ul>
Анықтама және қолдау орталығы  Бастау экранында <b>h</b> әрпін жазыңыз, одан кейін <b>анықтама және қолдау</b> пәрменін таңдаңыз. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: <a href="http://www.hp.com/go/contactHP">http://www.hp.com/go/contactHP</a> . Әлем бойынша көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> .	<ul style="list-style-type: none"><li>Әдістер туралы ақпарат және ақаулықтарды жою бойынша кең ауқымды кеңестер.</li></ul>
Бейне нұсқаулар  <a href="http://www.hp.com/supportvideos">http://www.hp.com/supportvideos</a> бөлімін қараңыз (ағылшын тілінде ғана)	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютер функцияларын қолдану туралы бейне-нұсқаулар.</li></ul>
<i>Жаңарту және қызмет көрсету нұсқаулығы</i>  АҚШ-та көмек алу үшін <a href="http://www.hp.com/go/contactHP">http://www.hp.com/go/contactHP</a> сайтты қараңыз. Әлем бойынша көмек алу үшін, <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> сайтты қараңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютердің бөлшектерін жаңарту және ауыстыру туралы нұсқаулар.</li></ul>
Ақауларды жою  Қосымша ақпарат алу үшін, осы нұсқаулықтың <a href="#">Ақауларды жою 61-бетте</a> бөлімін қараңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Келесі мәселелерді шешу жолдары:<ul style="list-style-type: none"><li>Сымсыз байланыс мәселелері</li><li>Қуат мәселелері</li><li>Дисплей мәселелері</li><li>Пернетақта және тінтуір мәселелері</li><li>Аудио мәселелері</li><li>Компьютерлік бағдарламалар мәселелері</li></ul></li></ul>
<i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы</i>  Бұл нұсқаулықты ашу үшін <b>HP қолдау қызметі</b> бөлімін бастау экранынан таңдап, <b>менің компьютерім</b> , одан кейін <b>қолданушы нұсқаулығы</b> бөлімдерін таңдаңыз немесе <a href="http://www.hp.com/ergo">http://www.hp.com/ergo</a> сайтты қараңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Жұмыс орнын реттеу</li><li>Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқаулары.</li><li>Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты.</li></ul>
Әлем бойынша қолдау көрсетудің веб-парақшасы  Өз тіліңізде көмек алу үшін <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> сайтты қараңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Келесі қолдау түрлерін қолдану:<ul style="list-style-type: none"><li>HP техника маманымен чат арқылы кеңесу</li><li>Электрондық пошта арқылы қолдау көрсету.</li><li>Қолдау қызметінің телефон нөмірлері.</li><li>HP қызмет көрсету орталықтарының мекен-жайлары.</li></ul></li></ul>

Ресурстар	Мазмұны
<p><i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты ашу үшін <b>HP қолдау қызметі</b> бөлімін бастау экранынан таңдап, <b>менің компьютерім</b>, одан кейін <b>қолданушы нұсқаулығы</b> бөлімдерін таңдаңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ережелер туралы маңызды ақпарат.</li> </ul>
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты ашу үшін <b>HP қолдау қызметі</b> бөлімін бастау экранынан таңдап, <b>менің компьютерім</b>, одан кейін <b>кепіл және қызметтер</b> бөлімдерін таңдаңыз немесе <a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> сайтына қараңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Осы компьютерге қатысты арнайы кепілдік мәліметтері.</li> </ul>
<p>*Құрылғыға қолданылатын арнайы ұсынылған HP Шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта қамтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулықтарында табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP компаниясы басылған HP шектеулі кепілдігін қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін <a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> мекенжайы бойынша немесе төмендегі мекенжайға хат жіберіп, сұрауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Солтүстік Америка:</b> Hewlett-Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd., Boise, ID 83714, USA</li> <li>• <b>Еуропа, Таяу Шығыс, Африка:</b> Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy (Италия)</li> <li>• <b>Азиялық Тыныс Мұхит аймағы:</b> Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Сингапур 911507</li> </ul> <p>Кепілдіктің басылған нұсқасына сұрау жасағанда, өнімнің нөмірін, кепілдік мерзімін (техникалық сипаттама жапсырмасынан табуға болады), атыңызды және пошталық мекенжайыңызды жазыңыз.</p> <p><b>МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:</b> HP өнімін жоғарыда берілген мекен-жайға ҚАЙТАРМАҢЫЗ. АҚШ-та көмек алу үшін <a href="http://www.hp.com/go/contactHP">http://www.hp.com/go/contactHP</a> сайтына қараңыз. Әлем бойынша көмек алу үшін, <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> сайтына қараңыз.</p>	

---

## 2 Компьютермен танысу

### Аппараттық және бағдарламалық құрал туралы мәліметтерді табу

#### Қатты дискіні табу

Компьютерде қандай қатты диск орнатылғанын білу үшін:

1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
2. **Жүйе және қауіпсіздік** бөлімін таңдаңыз, одан кейін жүйе аймағынан **құрал менеджері** тармағын басыңыз.

Компьютерде орнатылған барлық құралдардың тізімі көрсетіледі.

#### Компьютерлік бағдарламаларды табу


Компьютерде қандай бағдарлама орнатылғанын білу үшін:

1. Бастау экранынан сыртқы сымсыз тінтуірдің оң жағын басыңыз.  
– немесе –

Компьютер экранының жоғарғы шетінен төмен қарай қолыңызбен жүргізіңіз.

2. **Все программы** (барлық бағдарламалар) белгішесін таңдаңыз.

## Алдыңғы жағы








Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз сигналдарды жіберу немесе қабылдау.
(2) Ішкі микрофондар (2)	Аудио жазба жасағанда айналаңыздағы шуды автоматты түрде сүзу мүмкіндігі бар.
(3) Веб камера шамы	Қосу: Вебкамера қосулы.
(4) Веб камера	Бейнетаспа жазады және суретке түсіреді. Веб камераны қолдану үшін бастау экранынан <b>c</b> әрпін теріңіз, одан кейін <b>камера</b> пәрменін таңдаңыз.
(5) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығару.

\*Антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың аймағын кедергілерден босатыңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ақпаратты еліңізге немесе аймағыңызға қатысты қолданылатын *ережелер, қауіпсіздік және қоршаған орта туралы ақпарат* бөлімінен қараңыз. Бұл ақпарат анықтама және қолдау бөлімінде орналасқан.


## Оң жағы






Бөлік	Сипаттама
(1)  USB 3.0 ұясы	Қосымша USB 1.0, USB 2.0 немесе USB 3.0 құралдарын жалғап, USB 3.0 құралдары үшін жетілдірілген USB қуат мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Бөлік	Сипаттама
(2)  USB 3.0 зарядтау (қуатталатын) порты	<p>Қосымша USB 1.0, USB 2.0 немесе USB 3.0 құрылғысын жалғайды. USB зарядтау порттары жалғанған USB құрылғыларын қуаттау мүмкіндігін береді. Барлық USB құрылғылары стандартты USB порттары арқылы зарядталмайды немесе зарядтау үшін төмен ток қолданылады. Кейбір USB құралғыларын зарядтау үшін оларды ток беретін портқа жалғау қажет.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> USB зарядтау порты арқылы компьютер өшірулі болса да, ұялы телефондардың және MP3 ойнатқыш үлгілерін зарядтауға болады.</p>
(3) Сабвуфер қосқыш	HP тербелісті сабвуфер (бөлек сатылады). Сабвуфер төмен жиілікті дыбыс береді.
(4)  USB 2.0 порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын жалғау.
(5)  RJ-45 (желі) ажыратымы	Желі кабелін қосу.
(6)  Қатты диск шамы	Жыпылықтау: Қатты диск қолданыста.

## Сол жағы




Бөлік	Сипаттама
(1) HDMI HDMI кіріс порты	Ойын құрылғысы немесе сандық қабылдағыш құрылғысы сияқты қосымша видео немесе аудио құралды жалғайды.

Бөлік		Сипаттама
(2)	 <p>Аудио-шығыс (құлаққап) ұясы/ Аудио-кіріс (микрофон) ұясы</p>	<p>Қуат көзіне қосылатын қосымша стерео үндеткіштерді, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспаптарды немесе гарнитураны қосады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұя қосымша микрофон-ғана құрылғыларын қолдамайды.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>ережелер, қауіпсіздік және қоршаған орта тура туралы ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Қандай да бір құрал ұяшыққа қосылып тұрғанда компьютер спикерлері өшіріледі.</p>
(3)	 <p>Қауіпсіздік кабелі ұяшығы</p>	<p>Компьютерге қосымша қауіпсіздік кабелін жалғайды.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Қауіпсіздік кабелі компьютерді дұрыс қолданбаудан немесе ұрлаудан әрқашан қорғай алмайды.</p>
(4)	<p>АТ адаптері шамы</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қосу: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядтаулы.</li> <li>• Өшірулі: компьютер батарея қуатымен жұмыс істеуде.</li> </ul>
(5)	 <p>Қуат қосқышы</p>	<p>АТ адаптерін қосады.</p>



## Үстінде



Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
(1) Өрісі жақын сымсыз байланыс (NFC) антеннесы (таңдаулы үлгілерде ғана)	Медиа алмастыру үшін телефоннан компьютерге сымсыз сигнал жібереді және кері қабылдайды.  Толығырақ ақпарат үшін, <a href="#">Медиа құралдарын ортақ пайдалану 25-бетте</a> бөлімін қараңыз.
(2) Қуат түймесі	<ul style="list-style-type: none"><li>• Компьютер өшірулі болса, оны қосу үшін түймені басыңыз.</li><li>• Компьютер ұйқы күйінде болған кезде, түймені басып, күту күйінен шығыңыз.</li><li>• Компьютер күту күйінде болған кезде, түймесін басып күту күйінен шығыңыз.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Қуат түймешігін басып тұру сақталмаған ақпараттарды жояды.</p> <p>Компьютер жауап бермесе және Microsoft®Windows® жүйесін өшіру қадамдары нәтиже бермесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймесін кем дегенде 5 секунд басып ұстап тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы қосымша ақпаратты көру үшін, бастау экранынан пәрлін теріңіз, здеу терезесіне <b>питание</b> (қуат көзі) деп жазыңыз, <b>параметры</b> (параметрлер) пәрменін таңдаңыз, одан кейін <b>опции питания</b> (қуат көзі опциялары)пәрменін басыңыз.</p>

## Астында



Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
(1) HDMI-in түймесі	Компьютер экранын HDMI құралына ауыстырады. <b>ЕСКЕРІМ:</b> HDMI кабелі компьютерге қосылып тұруы керек.
(2) Жад картасын оқу құрылғысы	Ақпаратты Secure Digital (SD) сияқты сандық жад картасынан оқиды және картаға жазады.

# Жапсырмалар

## Жапсырмаларды анықтау

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютер алып шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Жапсырмалары компьютердің тұғырында орналасқан.

- Қызмет көрсету жапсырмасы—компьютер туралы маңызды ақпарат береді. Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда сериялық нөмірі, өнімі нөмірі және үлгі нөмірі қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету орталығына хабарласарда бұл нөмірлерді әзірлеп алыңыз.
- Нормативтік жапсырма(лар)—компьютер туралы нормативтік деректер береді.
- Сымсыз куәландыру жапсырма(лар)—қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді.

---

## 3 Желіге қосылу

Компьютеріңізді және сымды немесе сымсыз желі байланысын қолданып, миллиондаған вебсайттардан жаһандық ақпаратқа қол жеткізе аласыз. Осы тарау сол әлемге қосылуға көмектеседі.

## Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология ақпараты сымның орнына радио толқындарын қолданып жеткізеді. Компьютеріңіз мына сымсыз құралдардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Жергілікті аймақтық сымсыз желі (WLAN) құрылғысы—Компьютерді жергілікті аймақтық сымсыз желілерге қосады. WLAN жүйесінде, компьютердегі сымсыз қозғалмалы құрал сымсыз рутер немесе сымсыз жетімділік нүктесімен байланысады.
- Bluetooth® құралы—Компьютер, телефон, принтерлер, құлақсаптар, спикерлер және камералар сияқты Bluetooth жүйелі құралдарға қосылу үшін жеке аймақтық желі (PAN) жасайды. PAN жүйесінде әр құрал басқа құралдармен тікелей қарым- қатынасады және құралдар бірі-біріне жақын болуы керек.

Сымсыз технология туралы қосымша мәлімет алу үшін, анықтама және қолдау бөліміндегі ақпаратты қараңыз немесе вебсайт сілтемелерін қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.

## Сымсыз басқаруларды қолдану

Желі және бөлісу орталығы байланыс немесе желі орнату, желіге қосылу, сымсыз желілерді қолдану және желі мәселелерін анықтап, жөндеу мүмкіндіктерін ұсынады.

Желі және бөлісу орталығын қолдану үшін:

1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
2. **Желі және интернет**, одан кейін **желі және бөлісу орталығы** тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау бөлімін қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.

## Интернет қызметін жабдықтаушыны қолдану

Үйде Интернет байланысын орнату кезінде, интернет жабдықтаушының (ISP) есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметін және модемді сатып алу үшін жергілікті интернет жабдықтаушымен хабарласыңыз. Интернет жабдықтаушы модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және интернет қызметін тексеруге көмектеседі.




**ЕСКЕРІМ:** ISP сізге интернетке ену үшін қолданушы ID-ін және құпиясөз тағайындайды. Бұл ақпаратты жазып, қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

## WLAN жүйесін орнату

WLAN жүйесін орнатып, интернетке қосылу үшін сізге мына құралдар қажет:

- Кең-жолақты модем (DSL немесе кабель) **(1)** және интернет жабдықтаушыдан сатып алынатын жылдам интернет қызметі
- Сымсыз рутер **(2)** (бөлек сатылады)


---

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдерде орнатылған сымсыз рутер болады. Модем үлгісін анықтау үшін интернет жабдықтаушымен (ISP) хабарласыңыз.

---

- Сымсыз компьютер **(3)**

Төмендегі суретте интернетке қосылған сымсыз желінің мысалы берілген.




Үйіңіздегі желінің өлшемін ұлғайту үшін қосымша сымсыз және сымды компьютерлер қосуға болады.

WLAN жүйесін орнатуға көмек қажет болса, рутер өндірушісі немесе интернет жабдықтаушы қамтамасыз еткен ақпаратты қараңыз.

## Сымсыз рутердің параметрлерін тексеру

Сымсыз рутер параметрлерін анықтауға көмек қажет болса, рутер өндірушісі немесе интернет жабдықтаушы қамтамасыз еткен ақпаратты қараңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Алдымен жаңа сымсыз компьютеріңізді рутерге жабдықталған желі кабелін қолданып, қосып алуға кеңес беріледі. Компьютер интернетке сәтті қосылса, кабельді ажыратып, интернетке сымсыз желі арқылы шығыңыз.

---

## WLAN жүйесін қорғау

Желіні рұқсатсыз кіруден қорғау үшін, WLAN жүйесін орнатқанда немесе орнатылған WLAN жүйесін іске қосқанда, әрқашан қауіпсіздік шараларын қосыңыз.

Сымсыз радио сигналдары желіден тыс қозғалады, сондықтан басқа WLAN құралдары қорғаусыз сигналдарды қабылдап алуы мүмкін. WLAN жүйесін қорғау үшін келесі шараларды қолданыңыз:

- Жеріаралық қалқанды қолданыңыз.

Желіаралық қалқан сіздің желіңізге жіберілген ақпаратты тексереді. Күдікті элементтерді жояды. Желіаралық қалқан құралдарды да, бағдарламаларды да қорғайды. Кейбір желілер екі түрінің қосындысын қолданады.

- Сымсыз шифрлауды қолдану.

Сымсыз шифрлау желі арқылы тасымалданатын деректерді шифрлау және шифрын ашу үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. Қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау бөлімін қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.


## WLAN жүйесін жалғау


WLAN жүйесіне қосылу үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютердегі WLAN құралының қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Чармдарды көрсету үшін меңзердің бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттаңыз.
3. **Параметрлер** тармағын таңдаңыз да, желі күйінің таңбасын басыңыз.
4. Тізімнен WLAN жүйесін таңдаңыз.
5. **Қосу** пәрменін басыңыз.

Егер WLAN қауіпсіздігі қосылған болса, қауіпсіздік кодын енгізу қажет болады. Кодты теріп, байланысты аяқтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

---


 **ЕСКЕРІМ:** Егер тізімде WLAN-дар болмаса, сіз сымсыз рутер немесе жетімділік нүктесінің аумағынан тыс болуыңыз мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Өзіңіз қосылғыңыз келген WLAN көрінбесе, жұмыс үстелінен желі күйінің таңбасын басыңыз да, **желі және бөлісу орталығын ашу** пәрменін басыңыз. **Жаңа байланыс немесе жаңа желі орнату** пәрменін таңдаңыз. Желіні қолмен іздеу және оған қосылу немесе жаңа желі байланысын орнатуға мүмкіндік беретін опциялар тізімі ашылады.

---

Байланыс жасалған соң, байланыстың атауы мен күйін растау үшін, меңзерді хабарландыру аймағындағы тапсырмалар бағанасының оң жақ түбіндегі желі күйінің таңбасына қарай бағыттаңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Жарамдылық ауқымы (сымсыз сигналдардың қозғалысының қашықтығы) WLAN жұмысына, рутер өндірісіне және басқа электрондық құралдардың кедергісіне немесе қабырға мен еден сияқты қатты кедергілерге байланысты болады.

---

## Сымды желіге қосылу

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдықта зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем кабелін немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.

### Жергілікті аймақтық желіге (LAN) қосылу.


Компьютерді тікелей үйдегі жол жоспарлағышқа (сымсыз жұмыс істеудің орнына) немесе офистегі бұрыннан бар желіге қосу керек болса, LAN байланысын пайдаланыңыз.

Сымды желіге қосылу үшін, 8 істікшелі RJ-45 (желі) кабелі қажет.

Желі кабелін қосу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Желілік кабелді компьютердегі желі ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Желілік кабелдің екінші ұшын желінің қабырға ұясына **(2)** немесе жол жоспарлағышқа жалғаңыз.

**📝 ЕСКЕРІМ:** Желі кабелінің теледидар мен радио кедергілерінен қорғайтын кедергілерді басу схемасы **(3)** бар болса, кабельдің осы схема орналасқан ұшын компьютерге қарай бағыттаңыз.





---

## 4 Көңіл көтеру мүмкіндіктерін пайдалану

HP компьютеріңізді вебкамераны қолданып, музыка тыңдап, киноларды жүктеп алу үшін ойын-сауықтық құрал ретінде қолданыңыз. Немесе, компьютеріңізді бұрынғысынан да мықты ойын-сауық орталығы ретінде қолдану үшін, спикерлер, құлаққаптар және ойын құралын қосыңыз.

## Вебкамераны пайдалану

Бұл компьютерде келесі бөлмедегі немесе әлемнің басқа бөлігіндегі жақын достарыңыз немесе әріптестеріңізбен байланысуға мүмкіндік беретін қуатты әлеуметтік желі құралы болып табылатын ішкі веб-камерасы бар. Веб-камераны пайдаланып жылдам хабар алмасу бағдарламалық құралымен бейне ағынын жасауға, бейнеге түсіруге және бөлісуге, сондай-ақ, фотосуреттер түсіруге болады.

- ▲ Веб камераны қолдану үшін бастау экранынан **c** әрпін теріңіз, одан кейін **камера** пәрменін таңдаңыз.


Веб-камераны пайдалану туралы ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау тармақтарын қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.

## Дыбысты пайдалану

HP компьютеріңізде музыка CD-лерін ойнатуға, музыканы жүктеп алып тыңдауға, вебтен аудио мазмұнын (радионы қоса) жүктеуге, аудио жазуға, немесе мультимедиа жасау үшін аудио мен видеоны араластыруға болады. Тыңдау мүмкіндігін жақсарту үшін, сыртқы құралдарды немесе құлаққаптарды жалғаңыз.

### Дыбысын реттеу

1. Чармдарды көрсету үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттаңыз.
2. **Параметрлер** тармағын таңдаңыз да, спикерлер таңбасын басыңыз.
3. Дыбысын қатайту немесе ақырындату үшін, сырғақты реттеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Дыбысын реттеу үшін сыртқы сымсыз пернетақтадағы дыбыс пернелерін қолдануға болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Әрекеттік пернелерді қолдану 33-бетте](#) бөлімін қараңыз.

### Спикерлерді қосу


Сымды спикерлерді компьютердегі USB порттары арқылы қосуға болады.

Компьютерге *сымсыз* спикерлерді қосу үшін, құралды өндіруші жабдықтаған нұсқауларды қараңыз. Спикерлерді қоспас бұрын, дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

### Құлаққаптарды қосу

Сымды құлаққаптарды компьютердің аудио кіріс (құлаққап)/аудио шығыс (микрофон) ұяшығына қосуға болады.

Компьютерге *сымсыз* гарнитураны жалғау үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын [Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелерден](#) қараңыз.

## Beats Audio мүмкіндігін пайдалану

Компьютердің ішкі үндеткіштері арқылы немесе аудио шығыс ұясына (құлаққап)/аудио кіріс (микрофон) ұясына жалғанған Beats Audio құлаққаптары арқылы Beats Audio мүмкіндігін қолдануға болады.

### Beats аудионы қолдану


Аудио және дыбыс жиілігінің параметрлерін қарап, басқару үшін Beats аудио басқару панелін қолданыңыз.

- ▲ Beats аудио басқару панелін ашу үшін, бастау экранына **с** әрпін теріп, **басқару панелі** тармағын таңдаңыз, одан кейін **құралдар және дыбыс** және **Beats аудио басқару панелі** пермендерін таңдаңыз.

## Бейнені пайдалану


HP компьютеріңіз мықты бейне құралы болып табылады және сүйікті вебсайттарыңыздан бейне ағымдарын қарау, бейне материалдар мен киноларды жүктеп алып көру мүмкіндіктерін желіге қосылмай-ақ іске асыруға болады.

### HDMI құрылғысын жалғау

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерге HDMI құралын жалғау үшін, сізге бөлек сатылатын HDMI кабелі қажет болады.

Ойын құрылғысы немесе сандық қабылдағыш сияқты жоғарғы анықтағышты құралдарды компьютеріңізге жалғауға болады.

1. HDMI кабелінің бір ұшын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз.



2. Кабельдің екінші ұшын құралға жалғаңыз.
3. Егер компьютер экраны автоматты түрде ауыспаса, HDMI-ін түймесін басып, компьютер экранын HDMI құралына өзгертіңіз.
4. Таңдау үшін **енгізу**, артқа, жоғары жебесі немесе төмен жебесі пернелерін қолданыңыз.

## HDMI аудио қолдану

HDMI жоғарғы анықтағышты *видео және аудио* қолдайтын жалғыз видео құралы. HDMI басқару элементтері тек сол портқа қосылған құрылғының параметрлерін басқаруға арналған және жүйедегі ешбір басқа мультимедиалық құрылғыларды басқармайды. Құрылғы HDMI портына қосұлы кезде, компьютердегі дыбыс өшіріледі.

## Аудио және видео қолдану


CyberLink MediaSuite қызметі фото және бейне жинақтарыңызды қолдануға және жөндеуге көмектеседі.

- ▲ CyberLink MediaSuite қызметін қолдану үшін бастау экранынан **C** әрпін теріңіз, одан кейін **CyberLink MediaSuite** қызметін таңдаңыз.

CyberLink MediaSuite бағдарламасын пайдалану туралы ақпарат алу үшін бағдарламаның анықтамасын қараңыз.


## Медия мен деректерді үй топтары желісі арқылы бөлісуге болады (таңдаулы үлгілерде ғана)

Компьютердің мобильді құрылғыларды жалғап, фотосуреттер, файлдар, деректер, музыка немесе видеолар алмастыру мүмкіндігі бар. Үй топтары желісіндегі өрісі жақын байланыс (NFC) құрылғысы және sMedio 360 бағдарламасын қолданып, NFC-қосылған Android смарт телефондарын компьютеріңізге қосып, екі құрылғы арасында ақпаратты сымсыз алмастыруға болады.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** sMedio бағдарламасы Windows 8 және Windows 7 амалдық жүйелерінің екеуімен де үйлесімді. sMedio бағдарламасын егер бір үй топтары желісінде болса, компьютерде де, басқа құралдарда да қолдануға болады.

sMedio келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- sMedio арқылы мобилді құралдар арасында сымсыз **медиа тасымалдау және бөлісу**.
- sMedio TrueSync арқылы екі компьютер арасындағы бір үйдегі топтық желіде сымды және сымсыз **деректерді көшіру және синхрондау**.
- sMedio TrueLink+ арқылы фотосуреттер, видеолар мен музыканы телефон мен компьютер арасында алмастыру үшін **телефонды компьютерге жалғаңыз**.

 **ЕСКЕРІМ:** Қолжетімді барлық мүмкіндіктерді зерттеу үшін Windows жұмыс үстеліне өтіп, тапсырмалар тақтасындағы **sMedio TrueSync** таңбасын басыңыз. Жүйеге кіру/есептік жазбаны жасау терезесінде **Дополнительные сведения** (қосымша ақпарат) түймешігін басыңыз.

## Медиа алмастыруды іске қосып, үй топтары желісін орнатыңыз

sMedio бағдарламасын қолданбас бұрын, барлық компьютерлер мен мобилді құралдардың бір үйдегі топтық желіде болуын және медиа бөлісу мүмкіндігінің іске қосылғанын қадағалаңыз.

1. Меди бөлісу мүмкіндігін қосу үшін:
  - a. Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттаңыз.
  - ә. **Настройки** (параметрлер) тармағын таңдаңыз да, желі күйінің таңбасын басыңыз.
  - б. Қосылып тұрған желіден оң жақты басып, бөлісуді таңдау үшін құсбелгі қоятын шаршыны таңдаңыз.
2. Бастау экранынан **sMedio** таңбасын басыңыз, одан кейін **Инструкции** (нұсқаулықтар) арқылы үй топтары желісін орнату туралы ақпаратты қараңыз.

## Мобилді құралдар арасында сымсыз медиа тасымалдау және бөлісу

Бір құрылғы мен басқа құрылғы арасында мультимедиа файлын ағынмен ойнату және ортақ пайдалану үшін, компьютерлер мен мобильді құрылғылар бір үйдегі топтық желіде болуы қажет және мультимедиа файлдарын ортақ пайдалану мүмкіндігін қосу керек. Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа алмастыруды іске қосып, үй топтары желісін орнатыңыз 23-бетте](#) бөлімін қараңыз.

- ▲ Құралдар арасында медианы сымсыз ортақ пайдалану үшін, бастау экранынан sMedio 360 қолданбасын таңдаңыз.


– немесе –

Бастау экранында s әрпін жазып, одан кейін бағдарламалар тізімінен **sMedio 360** қолданбасын таңдаңыз.

## Деректерді көшіру немесе синхрондау


sMedio TrueSync қолданбасы арқылы файлдарды бір үйдегі топтық желідегі бірнеше компьютерде синхрондауға болады. Файлдарды бір компьютерден екінші компьютерге көшіруге де болады. Бір үйдегі топтық желіні орнату туралы ақпаратты келесі мекен-жайдан қараңыз: [Медиа алмастыруды іске қосып, үй топтары желісін орнатыңыз 23-бетте](#).

1. Windows жұмыс үстеліндегі тапсырмалар бағанынан **sMedio TrueSync** таңбасын басыңыз.
2. Ақпаратты тасымалдау және үйлестіру мақсатына қолданылатын қалталарды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **КЕҢЕС:** Үйлестіруге байланыс орнату үшін қосымша компьютерлердің параметрлерін реттеу жөнінде нұсқаулар да беріледі.

## Телефоныңыздан және кері фотосуреттер, видеолар мен музыка бөлісіңіз.

sMedio TrueLink+ қолданбасы фотосуреттер, видеолар мен музыканы компьютер мен NFC-қосылған Android смартфоннан ойнату, тасымалдау және бөлісу мүмкіндіктерін ұсынады. Компьютер мен телефон бір үйдегі топтық желіде болуы тиіс. Бір үйдегі топтық желіні орнату туралы ақпаратты келесі мекен-жайдан қараңыз: [Медиа алмастыруды іске қосып, үй топтары желісін орнатыңыз 23-бетте](#).

 **КЕҢЕС:** Телефонды үйдегі топтық желіге қосу кезінде көмек алу үшін, ақпаратты телефон өндірушісінің нұсқаулықтарынан қараңыз.

Медианы бөлісе бастағанға дейін, сізге келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Android телефонның амалдық жүйесін анықтау.
2. Тегін қолданбаларды телефонға жүктеп алу.
3. Құралдар арасында медиа алмастыру.

## Android телефонының амалдық жүйесінің (OS) нұсқасын анықтау

Телефонның амалдық жүйесі Android 4.0 немесе одан жоғары болуы тиіс. NFC мүмкіндігін қосу туралы ақпарат алу үшін, телефон өндірушісі ұсынатын нұсқауларды қараңыз.

Амалдық жүйенің нұсқасын анықтау үшін:

1. Телефоныңыздан **Настройки** (параметрлер) экранын ашып, **О телефоне** (телефон туралы) тармағын басыңыз.
2. **Версия Android** (Android нұсқасы) параметрін түртіңіз.

## sMedio 360 TrueLink+ қолданбасын телефонға жүктеп алу

Фотосуреттер, бейнелер мен музыканы NFC қосылған Android смартфонны мен компьютерден сымсыз бөлісу үшін sMedio 360 TrueLink+ қолданбасын телефоныңызға жүктеп алыңыз. Бұл тегін бағдарлама Google Play қолданбалар дүкенінде орналасқан.

- ▲ Бұл бағдарламаны жүктеп алу және пайдалану туралы ақпарат алу үшін sMedio негізгі экранынан **Инструкции** (нұсқаулықтар) белгішесін басыңыз.

## Медиа құралдарын ортақ пайдалану

Медианы ортақ пайдалану үшін телефоныңызды компьютерге жалғаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Медиа файлын телефон мен компьютер арасында ортақ пайдалану үшін, медиа файлы желідегі басқа құрылғылармен үйлесімді пішімде болуы тиіс.

1. Телефоныңызда **sMedio 360 TrueLink+** бағдарламасын ашыңыз, **Мои устройства** (құрылғыларым) белгішесін басып, **Мой мобильный** (Менің ұялы телефоным) параметрін түртіңіз.
2. Музыка, бейне мен фотосуреттерді табу үшін сол немесе оң жақтан саусапен жылжытыңыз.
3. Ортақ пайдаланғыңыз келген медиа файлын ашыңыз.
4. Компьютеріңіздің жоғарғы жағындағы NFC таңбасының кез-келген жерін түртіңіз.
5. **Коснуться для передачи** (жіберу үшін түрту) хабары телефон экранына шығады. Бөлісетін нысанды бірнеше секунд басып ұстап тұрыңыз.
6. Бірнеше секундтан соң файл ойнату, көшіру немесе болдырмау жөнінде нұсқау компьютер экранына шығарылады.

Таңдалған әрекетке байланысты файл компьютердегі тиісті қалтаға көшіріле бастайды.

---

## 5 Пернетақта мен меңзеу құрылғыларын қолданып шарлау.

Оңай шолу үшін, компьютермен бірге сыртқы сымсыз пернетақта мен сымсыз тінтуір жабдықталған. Жабдықтардан батарея жапсырмасын алып тастаған соң, автоматты түрде компьютермен жұпталады.




**ЕСКЕРІМ:** Компьютер тұғырының түбіндегі арнайы USB портында алдын-ала орнатылған сымсыз қабылдағыш бар. Егер сымсыз жабдықтарды қолдануда мәселе туындаса, USB портындағы қабылдағышты алып, қайта жалғаңыз. Қосымша ақпарат үшін, қараңыз [Пернетақта және тінтуір мәселелері 68-бетте](#).

---



## Сенсорлы экран қимылдарын пайдалану


Сенсорлы экраны бар компьютер экрандағы элементтерді саусақтар арқылы тікелей басқаруға мүмкіндік береді.

 **КЕҢЕС:** Сенсорлы экраны бар компьютерде қимылдарды экранда немесе пернетақта мен тінтуір арқылы орындауға болады.


### Бір саусақты сырғыту

Көбінесе, бір саусақты сырғыту қимылы шолу немесе тізімдер мен беттерді айналдыру үшін қолданылады, бірақ оны нысанды жылжыту сияқты басқа да әрекеттерді орындау мақсатымен пайдалана аласыз.

- Экрандық меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды экранның беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бастау экранында көп бағдарлама ашық болған кезде, экранды сол немесе оң жаққа жылжыту үшін саусағыңызды сырғытыңыз.

- Нысанды жылжыту мақсатымен сүйреу үшін, оны мықтап ұстап, қажетті жерге жылжытыңыз.



### Түрту

Экранда элементті таңдау үшін түрту мүмкіндігін пайдаланыңыз.


- Экрандағы нысанды таңдау үшін оны бір саусақпен түртіңіз. Элементті ашу үшін оны екі рет түртіңіз.



## Жылжыту

Жылжыту әрекеті бетті немесе суретті жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжыту үшін қолданылады.


- Екі саусағыңызды экранға қойып, оларды жоғары, төмен, солға немесе оңға қарай сүйрете жылжытыңыз.



## Қысу/керу

Қысу және ұлғайту әрекеттері суреттерді немесе мәтінді ұлғайтуға немесе кішірейтуге мүмкіндік береді.


- Кішірейту үшін, екі саусақты дисплейге бірге қойып, олардың арасын алшақтатыңыз.
- Ұлғайту үшін, екі саусақты дисплейге алшақтата қойып, олардың арасын жақындатыңыз.




## Айналдыру (тек таңдаулы үлгілерде)

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді.

- Сол жақ сұқ саусағыңызды айналдырғыңыз келген нысанға қойыңыз. Оң сұқ саусақты шеңбер бойынша сағат тілімен 90 градус жүргізіңіз. Кері айналдыру үшін, сұқ саусағыңызды сағат тіліне қарсы 90 градус жүргізіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Айналдыру нысанды немесе суретті басқаруға болатын белгілі бір қолданбаларға арналған. Айналдыру қолданбалардың барлығында жұмыс істей бермеуі мүмкін.




## Шетінен сырғыту

Параметрлерін өзгерту және бағдарламаларды іздеу немесе қолдану тапсырмаларын орындау үшін шетінен сырғытуды қолданыңыз.

### Оң жақ шетінен сырғыту

Оң жақ шетінен сырғыту арқылы шебер түймелерді ашып, бағдарламаларды іздеу, бөлісу, бастау, құралдарды табу немесе параметрлерін өзгертуге болады.


- Шебер түймелерді көрсету үшін саусағыңызды экран бетінде дисплей жақтауының оң жақ жиегінен ішіне қарай жайлап сырғытыңыз.



### Сол жақ сырғыту

Сол жақ шетінен сырғыту жылдам ауысу үшін ашылған қолданбалы бағдарламаларға көрсетеді.

- Бағдарламалар арасында ауысу үшін саусағыңызды дисплей жақтауының сол жақ жиегінен ішіне қарай жайлап сырғытыңыз. Ашық болған барлық бағдарламаларды көрсету үшін саусағыңызды экраннан көтермей оны сол жақ жиекке қарай қайта сырғытыңыз.




### Саусақты үстіңгі және төменгі жиектерден жылжыту

Саусақты үстіңгі жиектен жылжыту немесе төменгі жиектен жылжыту қимылы компьютерде қолжетімді бағдарламалар тізімін ашуға мүмкіндік береді.


1. Windows бастау экранынан саусағыңызды дисплей жақтауының үстіңгі немесе төменгі жиегінен экранға қарай жайлап сырғытыңыз.

2. Қолжетімді бағдарламаларды көру үшін, **Все приложения** (барлық қолданбалар) пәрменін таңдаңыз.









## Пернетақты пайдалану

Пернетақта арқылы элементтерді таңдау үшін, таңдалған элементтің атауын жазып, сенсорлық панель арқылы орындалатын функцияларды орындауыңызға болады. Пернетақта сондай-ақ әрекет пернелерін қолданып, белгілі бір функцияларды орындау мүмкіндігін береді.

**КЕҢЕС:** Пернетақтадағы Windows таңбалы перне  ашылған бағдарламалардан немесе Windows жұмыс үстелінен компьютердің бастау экранына жылдам оралу мүмкіндігін береді. Windows таңбасының пернесін қайта бассаңыз, алдыңғы экранға ораласыз.

**ЕСКЕРІМ:** Елге немесе аймаққа байланысты, пернетақта пернелері мен пернетақта функциялары осы бөлімде жазылғаннан өзгеше болуы мүмкін.













Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
(1)  пернесі	Функция пернесімен бірге басылған кезде, жиі жасалатын жүйе функцияларын орындайды.
(2)  Windows лого пернесі	Ашық бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына оралады. Пернені қайта бассаңыз, алдыңғы экранға ораласыз.
(3)  Әрекеттік пернелер	Жиі орындалатын тапсырмаларды орындайды.
(4)  Windows қолданба пернесі	Таңдалған нысан мүмкіндіктерін көрсетеді.
(5)  Дыбыс пернелері	Үндеткіш дыбысын өшіріңіз немесе қосыңыз және пернені басып тұру арқылы үндеткіш дыбысын біртіндеп көтеріңіз немесе түсіріңіз.







Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
(6) Кірістірілген сандық пернетақта	Зауытта сыртқы сандық пернетақта ретінде қызмет ету үшін орнатылған. Сан функциясы мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) ауыстыру үшін, <b>num lock</b> пернесін басыңыз.
(7)  Ұйқы пернесі	<p>Ақпаратыңызды жүйеге сақтайтын ұйқы күйін қосады. Дисплей және жүйенің басқа бөліктері өшеді, ал қуат қосулы қалады.</p> <p>Ұйқы режимінен шығу үшін қуат түймесін басыңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Ақпаратты жоғалту қаупін азайту үшін, ұйқылық күйді қоспас бұрын жұмысты сақтаңыз.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Компьютер ұйқы күйінде болғанда, батарея заряды өте төмен деңгейге жетсе, компьютер күту күйіне өтеді, ал ақпарат қатты дискке сақталады.</p>

## Әрекеттік пернелерді қолдану


Әрекет пернесі тағайындалған функцияны орындайды. **f1** мен **f12** және дыбыс пернесі (**5**) пен ұйқы пернесі (**7**) сол пернеге тағайындалған функцияны сипаттайды.

▲ Әрекет пернесінің функциясын қолдану үшін, пернені басып ұстап тұрыңыз.

Белгіше	Перне	Сипаттама
	f1	Бір уақытта екі қолданба қарау мүмкіндігін ұсынады. Қолданбалар қатар орналасады.
	f2	<p>Ашық бағдарламалар арасында ауысады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Осы пернені қажетті қолданба көрсетілгенше басып ұстап тұрыңыз.</p>
	f3	Қолданбаның пәрмендерін көрсетеді.
	f4	Жуықта қолданылған қолданбалар тізімін көрсетеді.
	f5	Аудио CD, DVD немесе Blu-ray (BD) дискілерінің алдыңғы жолын ойнатады.
	f6	CD, DVD немесе BD медиаларын бастайды, кідіртеді немесе қайта ойнатады.
	f7	CD, DVD немесе BD ойнатуды тоқтатады.
	f8	Аудио CD, DVD немесе BD дискілерінің келесі жолын ойнатады.
	f9	Іздеу шебер түймесін ашады. Ашық немесе басқа қолданба, компьютеріңізде немесе Интернет іздеу мүмкіндігін береді.
	f10	Бөлісу шебер түймесін ашады. Суреттер, файлдар немесе веб-сайттар бөлісу мүмкіндігін ұсынады.





Белгіше	Перне	Сипаттама
	f11	Құралдар шебер түймесін ашады. Телефон арқылы принтер орнату және деректерді синхрондау мүмкіндігін және видео файлдарды сымсыз теледидарға тасымалдау мүмкіндігін ұсынады.
	f12	Параметрлер шебер түймесін ашады. Компьютерді қалауыңызша реттеу мүмкіндігін береді. Аккаунт суретіңізді ауыстыру, бастау экранының артқы фоны мен реңкін өзгерту мүмкіндігін береді.
		Спикер дауысын үнсіздендіреді немесе қайта қосады.
		Пернені басып тұрсаңыз, спикер дауысын біртіндеп азайтады.
		Пернені басып тұрсаңыз, спикер дауысын біртіндеп қатайтады.
		Ақпаратыңызды жүйеге сақтайтын ұйқы күйін қосады. Дисплей және жүйенің басқа бөліктері өшеді, ал қуат қосулы қалады.  Ұйқы режимінен шығу үшін қуат түймесін басыңыз.  <b>ЕСКЕРТУ:</b> Ақпаратты жоғалту қаупін азайту үшін, ұйқылық күйді қоспас бұрын жұмысты сақтаңыз.  <b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Компьютер ұйқы күйінде болғанда, батарея заряды өте төмен деңгейге жетсе, компьютер күту күйіне өтеді, ал ақпарат қатты дискке сақталады.

## Microsoft Windows 8 таңбалық пернелерін қолдану

Microsoft Windows 8 жабдықталған таңбалық пернелері әрекеттерді жылдамдатады. Бірнеше таңбалық пернелер Windows 8 функцияларын қолдануға жәрдемдеседі. Әрекетті орындау үшін Windows таңба пернесін  арнаулы пернемен бірге басыңыз.

Windows 8 таңбалық пернелері туралы қосымша ақпаратты **анықтама және қолдау** бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** перменін таңдаңыз.

### Таңбалық пернелері

Таңбалық перне	Перне	Сипаттама
		Ашық бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына оралады. Пернені қайта бассаңыз, алдыңғы экранға ораласыз.
	+ c	Чармдарды ашады.
	+ d	Windows жұмыс үстелін ашады.
	+ табулятор	Ашық бағдарламалар арасында ауысады.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Осы пернені қажетті қолданба көрсетілгенше басып ұстап тұрыңыз.
alt	+ f4	Ашылған қолданбаны жабады.



## Кірістірілген сандық пернетақтаны пайдалану

Компьютердің сандық тақтасы орнатылған пернетақтасы болады.

Құрамдас бөлшегі	Сипаттама
<code>num lock</code> түймесі	<p>Кірістірілген сан пернетақтасының жұмысын басқарады. Сыртқы пернетақтаның стандартты сан функциясы (бұл мүмкіндік зауытта қосылған) мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) ауыстырып қосу үшін осы пернені басыңыз.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.</p>
Кірістірілген сандық пернетақта	<p>Зауытта сыртқы сандық пернетақта ретінде қызмет ету үшін орнатылған. Сан функциясы мен жылжу функциясын (пернелердегі бағыттау көрсеткілерімен белгіленген) ауыстыру үшін, <code>num lock</code> пернесін басыңыз.</p>


---


## 6 Қуат басқару


## Ұйқы немесе күту режимін қосу

Windows жүйесінің қуат үнемдейтін екі күйі бар: ұйқы және күту.

- Ұйқы—бұл режим компьютер біраз уақыт қолданылмаса автоматты түрде қосылады. Жұмысыңыз жадқа сақталады, сондықтан жұмысыңызға жылдам оралуыңызға болады. Ұйқы күйіне қолмен қоюға да болады. Толығырақ ақпарат үшін, [Ұйқы режимін қолмен қосу және шығу 37-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Күту—бұл режим компьютер ұйқы күйінде ұзақ уақыт тұрса, автоматты түрде қосылады. Күту күйі ашық құжаттарды қатты дискіге салып, компьютерді өшіріп қояды.

 **ЕСКЕРІМ:** Күту режимін қолмен бастауға болады. [Ұйқы режимін қолмен қосу және шығу 37-бетте](#) және [Күту режимін қолмен қосу және шығу 37-бетте](#) бөлімдерін қараңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарын ойнату сапасы нашарлауы, аудио немесе бейне ойнату жұмысының жоғалуы немесе ақпараттың жоғалу қаупін азайту үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы күйін қоспаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы немесе күту күйінде тұрса, желіге қосылу немесе компьютердің кез-келген функцияларын орындау мүмкін болмайды.


## Ұйқы режимін қолмен қосу және шығу

- ▲ Ұйқы күйіне қою үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттап, чармдарды шығарыңыз. **Параметрлер** қызметін басыңыз, одан кейін **қосу** таңбасын таңдап, **ұйқы** режимін таңдаңыз.

Ұйқы күйінен шығу үшін

- Қуат түймесін басыңыз.
- Пернетақтадағы бір пернені басыңыз.

Компьютер ұйқы режимінен шыққанда қуат шамдары жанып, экрандағы соңғы жұмысыңыз көрсетіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер ұйқы режимін қосқанда құпия сөз талап етілсе, жұмысыңызды жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізіңіз.

## Күту режимін қолмен қосу және шығу

Windows басқару панеліндегі қосу мүмкіндіктерін қолданып, қолданушы таңдауымен күту күйін іске қосып, басқа қосу реттеулері мен режимдерін өзгертуге болады.

1. Бастау экранына **қосу** деп жазыңыз да, **параметрлер** пәрменін басыңыз, одан кейін **қосу мүмкіндіктері** пәрменін таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **қуат түймесінің әрекетін таңдаңыз** функциясын таңдаңыз.
3. **Қол жетімсіз параметрлерді өзгерту** пәрменін таңдаңыз.
4. **Қуат түймесін басқанда аймағынан күту** режимін таңдаңыз.
5. **Өзгертулерді сақтау** пәрменін басыңыз.

Күту режимінен шығу үшін қуат түймесін басыңыз.

Компьютер күту режимінен шыққанда қуат шамдары жанып, экрандағы соңғы жұмысыңыз көрсетіледі. Егер ұйқы режимін қосқанда құпия сөз талап етілсе, жұмысыңызды жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізіңіз.

## Оянғанда кезде құпиясөзбен қорғау

Компьютер ұйқы немесе күту күйінен шыққанда, компьютерде құпия сөз талап етілуін орнату үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранына **қосу** деп жазыңыз да, **параметрлер** пәрменін басыңыз, одан кейін **қосу мүмкіндіктері** пәрменін таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **оянғанда құпия сөз талап ету** қызметін таңдаңыз.
3. **Қол жетімсіз параметрлерді өзгерту** пәрменін таңдаңыз.
4. **Құпия сөз талап ету (ұсынылған)** параметрін таңдаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе ағымдағы құпия сөзді өзгерту қажет болса, **Пайдаланушы жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту** пәрменін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту қажет болмаса, 5-қадамға өтіңіз.

5. **Өзгертулерді сақтау** пәрменін таңдаңыз.

## Компьютерді өшіру



**ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілгенде сақталмаған ақпарат жоғалады.

Жұмысты аяқтау пәрмені амалдық жүйемен қоса барлық ашық тұрған бағдарламаларды жауып, дисплей мен компьютерді өшіреді.

Келесі жағдайларда компьютерді өшіру қажет:

- Компьютердің ішкі бөлшектерін ашу қажет болса
- USB немесе видео порттан басқа порттарға сыртқы құрылғыны қосқанда
- Компьютер ұзақ уақыт қолданылмағанда немесе сыртқы қуат көзінен ажыратылғанда

Компьютерді қуат түймесі арқылы да өшіруге болады, бірақ келесі өшіру қадамдарын қолдану ұсынылады:



**ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы немесе күту күйінде тұрса, компьютерді өшірмес бұрын, қосу түймесін басып, ұйқы немесе күту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысыңызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Чармдарды көрсету үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттап, **параметрлер** қызметін басыңыз.
3. **Қосу** таңбасын басыңыз, одан кейін **жұмысты аяқтау** параметрін таңдаңыз.

Компьютер жауап бермесе және жұмысты аяқтау алдындағы қадамдарды пайдалану мүмкін болмаса, келесі төтенше жағдай қадамдары көрсетілген кезекпен орындап көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелерін басыңыз. Экранның төменгі оң жақ бұрышында орналасқан **қосу** таңбасын басып, одан кейін **өшіру** перменін басыңыз.
- Қосу түймесін басып, 5 секундтан кем ұстаңыз.
- Қосу және үнсіз түймелерін басып, ұстап тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.

---

## 7 Ақпаратты басқару және бөлісу

Қатты дискілер - ақпаратты сақтауға, басқаруға, бөлісуге және ашуға көмектесетін сандық сақтау құралдары. Компьютеріңізде ішкі қатты драйв орнатылған, ол жеке файлдар мен компьютерлік бағдарлама және жұмыс жүйесін сақтайды. Қосымша сыйымдылық немесе қосымша функциялар үшін, оптикалық драйв немесе қатты драйв сияқты сыртқы драйвтарды (бөлек сатылады) қосыңыз.

Ақпаратты жылдам тасымалдау үшін, USB драйвын компьютердегі USB портына жалғаңыз немесе телефоныңыздың немесе камераңыздың жад картасын жад картасын оқитын құралға енгізіңіз.



**ЕСКЕРІМ:** Керекті бағдарламалық құрал мен диск жетектері туралы ақпарат алу үшін немесе компьютердің қолданылатын портын білу үшін өндіруші нұсқауларын қараңыз.

---

### USB құрылғысын пайдалану

Көптеген компьютерлерде кем дегенде бір USB порты болады, себебі бұл әмбебап порт әртүрлі сыртқы құралдарды компьютерге қосу мүмкіндігін ұсынады.

Компьютерде USB портының бірнеше түрі болуы мүмкін. Осы компьютердегі USB порттарын көру үшін [Компьютермен танысу 5-бетте](#) бөлімін қараңыз. Компьютермен үйлесімді құралдарды ғана сатып алыңыз.


### USB құрылғыларын жалғау




**ЕСКЕРТУ:** USB қосқышын бүлдіріп алмау үшін, құралды қосқанда күш салмаңыз.

---


- ▲ Құралға арналған USB кабелін USB портына жалғаңыз.



Дыбыс құралдың анықталғанын білдіреді.

 **ЕСКЕРІМ:** USB құралын алғашқы рет қосқанда, Windows жұмыс үстелінде хабар көрсетіліп, хабарландыру аймағында компьютердің құралды танығанын білдіретін таңба пайда болады.

## USB құралын алу


 **ЕСКЕРТУ:** USB қосқышын бүлдіріп алмау үшін, құралды ажыратқанда кабелінен тартпаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Ақпарат жоғалту немесе жүйенің жауап бермеу қаупін азайту үшін, USB құралын қауіпсіз алу үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Ақпаратты сақтап, құралға қатысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы құрал таңбасын басыңыз. **Safely remove hardware and eject media** (құралды қауіпсіз алу және медианы шығару) деген хабар көрсетіледі.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


## Жад картасын салу және шығару

Жад картасын салу үшін:

 **ЕСКЕРТУ:** Сандық карта қосқыштарын бүлдіріп алмау үшін, сандық сақтау картасын енгізгенде күш салмаңыз.

1. Картаның жапсырмасы бар жағын жоғары қаратып, ал жалғағыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.


2. Картаны медиа карта оқитын құралға енгізіп, орнына түскенше ішіне қарай басыңыз.



Дыбыс құралдың анықталғанын білдіреді.

Жад картасын үшін:

1. Ақпаратты сақтап, картаға қатысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы құралды алу таңбасын басыңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Картаны ішке қарай басып (1), оны ұясынан шығарып алыңыз (2).





## 8 Жоғары өнімділік күйі

Компьютерді осы бөлімде сипатталған жұмыс операциялары мен аспаптарды қолдану үшін жоғарғы өнімділік күйінде ұстаңыз. Құралды таза ұстау және бағдарламаларын жаңартып отыру сияқты негізгі шаралардан бастаңыз. Сондай ақ, құпия сөз, вирустан қорғау және ұрлықтан қорғау шаралары сияқты маңызды қауіпсіздік мәселелеріне де мән беріңіз. Қолдау тобына хабарласу қажет болғанда немесе компьютер жүйесіне диагностика жасағанда, жүйе параметрлерін қалай табу керек екенін білуіңіз керек.

### Күнделікті күтуді орындау

#### Дискіні тазалауды қолдану

Дискіні тазалау қатты дискіден қажетсіз файлдарды тауып, қауіпсіз жою арқылы дисктегі орынды ұлғайтып, компьютердің тиімділігін арттырады.

Диск тазалуды қосу:

1. Бастау экранына **диск** сөзін теріңіз.
2. **Параметрлер** тармағынан **қажетсіз файлдарды жою арқылы дискіні босату** пәрменін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

#### Дискіні дефрагментациялауды қолдану

Компьютерді қолданғанда, уақыт өткен сайын қатты дискідегі файлдар бөлшектенеді. Осы себептен қатты диск файлдарды табуға әрекеттенеді де, жұмысы баяулайды. Дискіні дефрагментациялау қызметі файлдарды біріктіріп, қатты дискідегі файлдарды реттейді, осылайша жүйе жұмысының тиімділігін арттырады.

Қатты диск өлшеміне және бөлшектенген файлдар санына байланысты, дискіні дефрагментациялау қызметіне тапсырманы аяқтау үшін бір сағат қажет болуы мүмкін.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу:

1. Бастау экранына **диск** сөзін теріңіз.
2. **Параметрлер**, одан кейін **дефрагментациялау және дискіні жақсарту** пәрменін басыңыз.

## Бағдарламалар мен драйвтарды жақсарту

HP компаниясы бағдарламалар мен дискілерді жиі жаңартып отыруға кеңес береді. Жаңартулар мәселелерді шешуі мүмкін және компьютерге жаңа функциялар мен таңдаулар әкеледі.

HP бағдарламалары мен дискілерінің жаңа нұсқаларын жүктеп алу үшін, HP вебсайтын қолданыңыз. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: <http://www.hp.com/go/contactHP>. Әлем бойынша көмек алу үшін, [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html) сайтына қараңыз. Бұл жерден сондай-ақ жаңартулар туралы автоматты хабарлар алып тұруға тіркелуге болады.

## Компьютерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз түрде тазалау үшін келесі өнімдерді пайдаланыңыз:

- Диметил бензиль амоний хлорид ең көбі 0,3 пайыз концентрация (Мысалы: Бір рет қолданылатын сүрткіштердің көптеген бренд атаулары болады.)
- Спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Жұмсақ сабын қосылған су
- Құрғақ микроталшықты тазалау шүберегі немесе күдері (майланбаған жұмсақ антистатикалық шүберек)
- Антистатикалық шүберек майлықтар

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Компьютерді бүлдіретін күшті тазалағыш ерітінділерді қолданбаңыз. Егер тазалағыш заттың компьютерге залалды емес екеніне сенімді болмасаңыз, өнімнің құрамын тексеріп, спирт, ацетон, аммоний хлориді, метил хлориді, көмірсутегі сияқты ингредиенттердің болмауын қадағалаңыз.

Қағаз сүлгілер сияқты талшықты материалдар компьютерді сызаттауы мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

## Тазалау іс рәсімдері

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғу немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз:

Компьютерді өшіріңіз.

Сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.

Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөлшектерін бүлдірмес үшін, компьютердің беткейіне тазалағыш заттарды немесе сұйықтықтарды шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

## Дисплейді тазалау (барлығы біреуде немесе ноутбуктар)

Дисплейді жұмсақ, талшықтары жоқ, *спиртсіз* әйнек тазалау сұйығымен дымқылданған шүберекпен абайлап сүртіңіз. Дисплейді жаппай тұрып, оны құрғатып алу керек.

## Шеттері мен қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшықты матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Компьютердің бетін тазалау кезінде, ластануды және қоқымдарды кетіру үшін айналма қозғалыстар жасаңыз.

---

## Пернетақта мен тінтуірді тазалау



**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.



**ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөлшектерін бүлдірмеу үшін, сұйықтықтың пернелер арасына тамбауын қадағалаңыз.

---

- Пернетақта мен тінтуірді тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшықты матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысып қалуын болдырмай, пернетақтадан шаңды, талшықтарды және қоқымдарды кетіру үшін түтігі бар қаңылтыр құтыдағы қысылған ауаны пайдаланыңыз.

## Қауіпсіздік шараларын қолдану

Құпия сөз компьютер апаратын және желі транзакцияларын қорғауға арналған әріптер, сандар және белгілер тобы. Құпия сөздің бірнеше түрі болады. Кейбір сайттар құпия сөзге қажетті әріптер, сандар және белгілерді өздері жабдықтайды.

Құпия сөздерді жасап, сақтау үшін мына кеңестерді қолданыңыз:

- Компьютердің бекітіліп қалуын болдырмау үшін құпия сөзді бір жерге жазып, компьютерден аулақ жерде сақтаңыз. Құпия сөзді компьютердегі файлда сақтамаңыз.
- Құпия сөзді жиі өзгертіп отырыңыз.
- Компьютерді жөндеткенде барлық файлдардың сақтандыру көшірмесін жасап, құпия файлдарды жойып, барлық құпия сөз реттеулерін алып тастаңыз.

Экранды қорғау сияқты құпия сөздер туралы ақпаратты анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.

## Windows жүйесінде құпиясөздерді орнату

Құпиясөз	Қызмет
Пайдаланушы құпиясөзі	Windows қолданушысының есеп жазбасын қорғайды.
Әкімші құпиясөзі	Компьютер мазмұнына әкімші деңгейінде кіруді қорғайды. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Бұл құпия сөзді Computer Setup (BIOS) утилитасының мазмұнына кіру үшін пайдалануға болмайды.

## Computer Setup (BIOS) құпия сөздерін жасау

Құпиясөз	Қызмет
Әкімші құпия сөзі	<ul style="list-style-type: none"><li>Computer Setup аспабын (BIOS) қолданған сайын енгізіп отыру қажет.</li><li>Әкімші құпия сөзін ұмытып қалған жағдайда, Computer Setup (BIOS) утилитасына кіру мүмкін болмайды.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Әкімші құпиясөзін қосылғанда сұралатын құпиясөз орнына қолдануға болады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Әкімші құпия сөзін Windows жүйесіне орнатылған әкімші құпия сөзімен алмастыруға болмайды немесе ол орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Бірінші құпия сөз тексеру кезінде қуат қосылғанда сұралатын құпия сөзді енгізсеңіз, Computer Setup (BIOS) утилитасына қол жеткізу үшін әкімші құпия сөзін енгізуіңіз керек.</p>
Қосылғанда сұралатын құпия сөз	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютерді қосқанда немесе қайта бастағанда енгізіледі.</li><li>Қосылғанда сұралатын құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, компьютерді қосу немесе қайта қосу мүмкін болмайды.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Әкімші құпиясөзін қосылғанда сұралатын құпиясөз орнына қолдануға болады.</p> <p><b>ЕСКЕРІМ:</b> Қосылғанда сұралатын құпия сөз орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі.</p>

Әкімші құпиясөзін немесе қосылғанда сұралатын құпиясөзді Computer Setup (BIOS) ішінде орнату, өзгерту немесе жою үшін:

1. Computer Setup (BIOS) қолданбасын іске қосу үшін, компьютерді қосыңыз немесе қайта бастаңыз, **esc**, одан кейін **f10** пернелерін басыңыз.
2. **Безопасность** (Қауіпсіздік) пәрменін таңдау үшін көрсеткі пернелерді басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## Интернет қауіпсіздігі бағдарламасын қолдану

Компьютерді электрондық пошта, желі немесе интернет үшін қолданғанда, вирус, тыңшы немесе басқа желі қатерлері болуы мүмкін. Компьютерді қорғауға көмек ретінде антивирус және желі-аралық қалқан сияқты интернет қауіпсіздігі бағдарламалары алдын-ала орнатылған.

- ▲ Norton интернет қауіпсіздігі бағдарламасын ашу үшін бастау экранынан **n** әрпін теріп, одан кейін **Norton интернет қауіпсіздігі** тармағын таңдаңыз.

Компьютерді интернет қатерлерінен қорғау туралы қосымша ақпаратты анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **h** әрпін жазыңыз, одан кейін **анықтама және қолдау** пәрменін таңдаңыз.

## Бағдарлама жаңартуларын орнату

### Windows жаңартуларын орнату

Жұмыс жүйесін және басқа бағдарламалардың жаңартулары компьютер зауыттан шыққан соң пайда болуы мүмкін. Microsoft маңызды жаңартулардың бар екені туралы ескертеді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертулерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық маңызды жаңартуларды орнатыңыз.

Бар жаңартулардың компьютерде орнатылғанын тексеру үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

- Компьютерді орнатқан соң бірден Windows жаңарту бағдарламасын іске қосыңыз. Бастау экранына **u** әрпін теріңіз, **параметрлер** пәрменін таңдаңыз, одан кейін **Windows жаңартулары** тармағын таңдаңыз.
- Одан кейін Windows жаңартуларын қосыңыз.

### Компьютерлік бағдарламаны жаңарту

HP компаниясы бағдарлама мен орнатылған дискілерді жиі жаңартып отыруға кеңес береді. Соңғы нұсқаларын жүктеп алу үшін, <http://www.hp.com/support> сайтына қараңыз. Бұл жерден сондай-ақ жаңартулар туралы автоматты хабарлар алып тұруға тіркелуге болады.

Егер бағдарламаны басқа компания арқылы орнатсаңыз, қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін және бағдарлама жұмысын жақсарту үшін жиі жаңартып отырыңыз.

## 9 Computer Setup (BIOS) және HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралдарын қолдану

Компьютер орнату немесе (BIOS) (Негізгі кіріс/шығыс жүйесі) жүйедегі бүкіл кіріс және шығыс құрылғыларының (мысалы, диск жетектері, монитор, пернетақта, тінтуір және принтер) арасындағы байланысты басқарады. Computer Setup (BIOS) ішінде орнатылған құрылғылардың параметрлері, компьютердің жүктелу реті және жүйе мен кеңейтілген жадтың көлемі қамтылған.

### Computer Setup (BIOS) утилитасын бастау

Computer Setup (BIOS) қолданбасын іске қосу үшін, компьютерді қосыңыз немесе қайта бастаңыз, **esc**, одан кейін **f10** пернелерін басыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Computer Setup (BIOS) аспабын өзгерткенде аса абай болыңыз. Қателер компьютер жұмысына әсер етеді.

### BIOS нұсқасын жаңарту

BIOS жүйесінің жаңартылған нұсқалары HP веб-торабында бар болуы мүмкін.

BIOS жүйесінің жаңарту файлдарының көбі HP веб-торабында *SoftPaq* деп аталатын қысылған файлдарына салынған.

Кейбір жүктелетін бумалардың құрамында файлды орнату және ақаулықтарды жою туралы ақпаратты қамтитын *Readme.txt* файлы бар.

### BIOS нұсқасын анықтау


Қолданыстағы BIOS жаңартуларының компьютерде қазір орнатылғандарынан кейінірек BIOS нұсқаларын қамтитын анықтау үшін, қазір орнатылған BIOS жүйесінің нұсқасын білу қажет.

BIOS нұсқасының ақпаратын (*ROM деректері* және *BIOS жүйесі* деп те аталады) **fn+esc** пернелер тіркесімін басып (*Windows* жүйесінде болған жағдайда) немесе Setup Utility (BIOS) қолданбасын пайдаланып көрсетуге болады.

1. Computer Setup (BIOS) утилитасын бастау ([Computer Setup \(BIOS\) утилитасын бастау 49-бетте](#) тармағын қараңыз).
2. Жебе пернесін қолданып, **Файл** бөлімін таңдаңыз, одан кейін **Информация о системе** (жүйе туралы ақпарат) тармағын таңдаңыз.

3. Computer Setup (BIOS) утилитасынан өзгерістерді сақтамай шығу үшін, жебе пернелерін таңдап, **Файл**, одан кейін **Проигноировать изменения и выйти** (өзгерістерді елемей шығу) перменін таңдаңыз.
4. **Да** (Иә) түймешігін басыңыз.

## BIOS жаңартуын жүктеп алу

 **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зақым келтірмеу немесе сәтсіз орнатуды болдырмау үшін BIOS жаңарту файлын компьютер айнымалы ток адаптері арқылы сенімді сыртқы қуат көзіне қосылған кезде ғана жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Компьютер батарея қуатымен жұмыс істеп тұрғанда, қосымша жалғау құрылғысына жалғанғанда немесе қосымша қуат көзіне қосулы болғанда, BIOS жаңартуын жүктеп алмаңыз немесе орнатпаңыз. Жүктеп алу және орнату барысында мына нұсқауларды орындаңыз:


Компьютерді айнымалы ток көзінен ажыратқан кезде қуат сымын тартпаңыз.

Компьютердің жұмысын аяқтамаңыз немесе компьютерде ұйқылық күйді қоспаңыз.

Құрылғылар, кабельдер немесе шнурды жалғамаңыз, ажыратпаңыз немесе қоспаңыз.

1. Бастау экранында *справка* (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз.
2. **Обновления и настройк** (жаңартулар мен реттеулер) перменінен кейін **проверить HP обновления сейчас** (HP жаңартулары бар екенін тексеру) перменін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Жүктеу аймағында мына қадамдарды орындаңыз:
  - a. Ең соңғы BIOS жаңартуын анықтап, оны қазір компьютерде орнатылған BIOS нұсқасымен салыстырыңыз. Жаңарту BIOS нұсқаңызбен салыстырғанда ең соңғы жаңарту болса, күнін, атын немесе басқа ақпаратты жазып алыңыз. Бұл ақпарат жаңарту файлы қатты дискіге жүктелгеннен кейін оны табу үшін қажет болуы мүмкін.
  - ә. Таңдауыңызды қатты дискіге жүктеп алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер жаңарту сіздегі BIOS нұсқасынан жаңа болса, қатты дискідегі BIOS жаңартуы жүктеп алынатын орынға апаратын жолды жазып алыңыз. Сіз жаңартуды орнатуға дайын болғаныңызда бұл жол бойынша файлды табасыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютер желіге қосылған болса, бағдарламалардың жаңартуларын, әсіресе жүйенің BIOS жаңартуларын орнатпас бұрын желілік әкімшімен байланысыңыз.

BIOS нұсқасын орнату іс реттері әртүрлі екен. Жүктеп алу үрдісі аяқталғаннан кейін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Нұсқаулар болмаса, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранына **п** деп жазып, **Поиск файла** (файлды іздеу) белгішесін басыңыз.
2. Тағайындалған қатты дискіні басыңыз. Әдетте жергілікті диск (C:) тағайындалған қатты диск болып табылады.
3. Бұрын жазылған қатты дискіге жол бойынша жаңарту файлы орналасқан қатты дискідегі қалтаны тауып ашыңыз.



4. .exe кеңейтімі бар файлды екі рет басыңыз (мысалы, *файл атауы.exe*).  
BIOS орнатылуы басталады.
5. Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы орнатуды аяқтаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату сәтті аяқталды сияқты хабар экранға шығарылғаннан кейін жүктелген файлды қатты дискіден жоюға болады.

## HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану


HP PC Hardware Diagnostics – бірыңғай кеңейтілетін ішкі бағдарламалық құрал интерфейсі (UEFI). Бұл құрал компьютердің аппараттық құралдарының дұрыс жұмыс істейтінін анықтау үшін диагностикалық тексеру мүмкіндігін береді. Диагностикалау процесі амалдық жүйеден тыс жұмыс істейді, осылайша ол амалдық жүйе немесе басқа бағдарламалық құрамдастар себеп болған ақаулықтарды тиімді түрде жояды.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI пайдалану үшін

1. Компьютерді қосу немесе қайта бастау үшін, **esc**, одан кейін **f2** пернелерін басыңыз.


BIOS бағдарламасы HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралдарын үш жерден төмендегі тәртіппен іздейді:

- a. Қосылған USB диск жетегі


 **ЕСКЕРІМ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB диск жетегіне жүктеу туралы ақпаратты [USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics \(HP ДК құралын диагностикалау\) мүмкіндігін жүктеу 51-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

- ә. Қатты драйв
- б. Базалық кіріс-шығыс жүйесі

2. Қажетті диагностикалық сынақты таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер қосылып тұрған диагностикалық сынақты тоқтату қажет болса, **esc** пернесін басыңыз.

## USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін жүктеу

 **ЕСКЕРІМ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын жүктеу жөнінде нұсқаулар ағылшын тілінде ғана беріледі.

1. <http://www.hp.com> веб-торабына өтіңіз.
2. **Помощь & диски** (Қолдау және драйверлер) перменін таңдаңыз, одан кейін **Диски & компьютерные программы** (Драйверлер және бағдарламалық құралдар) қойыншасын нұқыңыз.
3. Мәтін ұясында өнім атауын енгізіп, **Поиск** (іздеу) пернесін басыңыз.

4. Компьютер үлгісін және амалдық жүйе түрін таңдаңыз.
5. **Diagnostic** бөлімінен **HP UEFI Support Environment** (HP UEFI қолдау ортасы) тармағын басыңыз.

– немесе –

**Скачать** (жүктеу) түймешігін басыңыз, одан кейін **Run** (Орындау) опциясын таңдаңыз.

---

# 10 Сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру және жөндеу

Компьютеріңізде HP және Windows компаниясы жабдықтаған апаратыңызды қорғайтын және қажет кезінде алып шығуға болатын аспаптар мен жұмыс жүйесі бар. Бұл аспаптардың қарапайым қадамдары арқылы компьютерді қалыпты жұмыс күйіне, тіпті зауыттағы түпнұсқа күйіне қайтаруға болады.

Бұл тарауда төмендегі үрдістер туралы ақпарат беріледі:

- Қалпына келтіретін медиа жасау және сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені жөндеу және қалпына келтіру



---

**ЕСКЕРІМ:** Бұл тарау сақтық көшірме, жүйені жөндеу және қалпына келтіру жолдарын сипаттайды. Жабдықталған аспаптар туралы қосымша ақпаратты анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **с** әрпін жазыңыз, одан кейін **справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.

---

# Қалпына келтіретін медиа жасау және сақтық көшірмесін жасау

Бұзылған жүйені жөндеу сақтық көшірме жасағанмен бірдей.

1. Компьютердің параметрлерін сәтті орнатқаннан кейін, HP қалпына келтіру құралын жасаңыз. Бұл қадамда компьютерде HP қалпына келтіру бөлімінің сақтық көшірмесі жасалады. Оны қатты диск бүлінгенде немесе ауыстырылғанда түпнұсқа жұмыс жүйесін қайта орнату үшін қолдануға болады.

Жасалған HP Recovery құралы төмендегідей қалпына келтіру опцияларын ұсынады:

- Жүйені қалпына келтіру—Бастапқы амалдық жүйе мен зауытта орнатылған бағдарламаларды қайта орнатады.
- Кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру—Амалдық жүйені және барлық аппараттық құралдармен байланысты драйверлер мен бағдарламалық құралдарды қайта орнатады, бірақ басқа бағдарламалық құрал қолданбаларын орнатпайды.
- Factory Reset (Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру) —Компьютерді қатты дискіден барлық ақпаратты жойып, бөлімдерді қайта жасау арқылы түпнұсқалық бастапқы зауыттық күйіне қалпына келтіреді. Содан кейін, амалдық жүйе мен зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қайта орнатады.

[HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#) бөлімін қараңыз.

2. Құрал немесе бағдарлама қосқанда, жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасақтап қойыңыз. Жүйені қалпына келтіру нүктесі деген қатты диск мазмұнының белгіді бір уақытта Windows жүйесін қалпына келтіру қызметі жасаған көшірмесі. Жүйені қалпына келтіру нүктесінде Windows қолданатын тіркеу реттеулері сияқты ақпарат болады. Windows жүйені қалпына келтіру нүктесін Windows жаңартулары немесе басқа жүйе жөндеулері кезінде (бағдарлама жаңартулары, қауіпсіздік тексерулері немесе жүйе диагностикасы) автоматты түрде жасайды. Жүйені қалпына келтіру нүктесін кез-келген уақытта қолмен жасауға да болады. Жүйені қалпына келтіру нүктесі туралы қосымша ақпаратты және қадамдарын анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **c** әрпін жазыңыз, одан кейін **справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.
3. Фото, видео, музыка және басқа жеке файлдар қосқанда, жеке ақпаратыңыздың сақтық көшірмесін жасап қойыңыз. Windows Файл реттегішін кітапханалар, жұмыс үстелі, контактілер мен таңдаулылардан тұрақты және автоматты түрде сақтық көшірме жасайтын етіп орнатуға болады. Егер файлдар қатты дискіден абайсызда жойылып кетсе және қоқыс себетінен қалпына келтірілмесе немесе файлдар бүлінсе, файлдарды файл тарихын қолданып қалпына келтіруге болады. Файлдарды қалпына келтіру компьютерді Windows жүйесін қайта орнату арқылы немесе HP қалпына келтіру менеджері арқылы қайта реттегенде пайдалы.



**ЕСКЕРІМ:** Файл тарихы компьютердің бастапқы күйінде қосылмаған, сондықтан оны қосу керек.

Windows файл тарихы туралы қосымша ақпаратты және қосу қадамдарын анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **c** әрпін жазыңыз, одан кейін **справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.

## HP қалпына келтіру медиасын жасау

HP Recovery Manager (қалпына келтіру менеджері) - компьютерді орнатқан соң қалпына келтіру медиасын жасау жолдарын ұсынатын бағдарлама. HP қалпына келтіру медиасын қатты диск бүлінгенде жүйені қалпына келтіру қадамдарын орындау үшін қолдануға болады. Жүйені қалпына келтіру түпнұсқа жұмыс жүйесін және зауытта орнатылған бағдарламаларды қалпына келтіреді және бағдарламалардың параметрлерін реттейді. HP қалпына келтіру медиасын жүйені оңтайландыру үшін және қатты дискіні ауыстырғанда бастапқы кескінді қалпына келтіру үшін көмек ретінде қолдануға болады.

- HP қалпына келтіру медиасының бір жинағын ғана жасақтауға болады. Қалпына келтіру құралдарын абайлап қолданыңыз және қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- HP қалпына келтіру менеджері компьютерді тексеріп, бос USB флэш дискінің немесе бірнеше бос DVD дискілерінің талап етілген сыйымдылығын анықтайды.
- Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін компьютеріңізде DVD дискілерге жазу құралы болуы керек және тек жоғары сапалы бос DVD+R немесе DVD-R, DVD-R DL немесе DVD+R DL дискілерін пайдалану керек. CD±RW, DVD±RW, қос қабатты DVD±RW дискілерін немесе BD-RE (қайта жазуға арналған Blu-ray) сияқты қайта жазуға болатын дискілерді пайдаланбаңыз; олар HP Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлеспейді. Не болмаса, оның орнына жоғары сапалы бос USB флэш-дискісін қолдануға болады.
- Егер компьютерде DVD дискілеріне жазу мүмкіндігі бар кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, бірақ DVD қалпына келтіру құралын жасағыңыз келсе, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатып алынады) пайдалануға немесе HP веб-торабынан компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін алуға болады. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: <http://www.hp.com/go/contactHP>. Әлем бойынша көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html). Егер қосымша сыртқы драйв қолдансаңыз, оны тікелей компьютердің USB портына жалғау керек; Драйвты USB құралы сияқты сыртқы құралдың USB портына жалғауға болмайды.
- Қалпына келтіру медиасын жасау кезінде компьютердің АТ қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Жасақтау үрдісі бір сағаттан артық жүруі мүмкін. Дискілерді жасау процесін тоқтатпаңыз.
- Еге қажет болса, қалпына келтіру дискілерін аяқтамай бағдарламадан шыға беруге болады. HP Recovery Manager ағымдағы DVD дискісіне жазуды аяқтайды. Келесі жолы HP қалпына келтіру менеджерін қосқанда, үрдісті жалғастырыңыз деген ұсыныс жасалады және қалған дискілер көшіріледі.

HP қалпына келтіру медиасын жасау үшін:

1. Бастау экранында **восстановить** (қалпына келтіру) сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен **HP қалпына келтіру менеджері** тармағын таңдаңыз.
2. **Recovery Media Creation** (қалпына келтіру медиасын жасау) тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер жүйені қалпына келтіру қажет болса, [HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына келтіру 58-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Қалпына келтіру және жөндеу

Жүйені қалпына келтірудің бірнеше опциясы бар. Жағдайға және тәжірибеңізге сай әдісті таңдаңыз:

- Егер жеке файлдар мен деректерді қалпына келтіру қажет болса, Windows файл тарихы қызметін қолданып, жасақталған сақтық көшірмелерінен қалпына келтіруге болады. Windows файл тарихы туралы қосымша ақпаратты және қолдану қадамдарын Windows анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **c** әрпін жазыңыз, одан кейін **справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.
- Алдын-ала орнатылған қолданба немесе драйверлер ақаулығын шешу қажет болса, қайта орнату үшін, HP қайта қалпына келтіру менеджерінің құрылғы драйверін қайта орнату немесе компьютерлік бағдарламаны қайта орнату қызметін қолданыңыз.

Бастау экранында *recovery* деп теріп, **HP Recovery Manager** бағдарламасын таңдаңыз да, **Drivers and Applications Reinstall** (Драйверлер мен қолданбаларды қайта орнату) параметрін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Жүйені қандай да бір жеке ақпаратты жоғалтпастан алдыңғы күйге қайтару үшін Windows жүйесін қалпына келтіру опциясы қолданылады. Жүйені қалпына келтіру Windows жүйесін қайта жаңартуды немесе қайта орнатуды талап етпестен қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Windows жүйені қалпына келтіру нүктелерін Windows жаңартулары немесе басқа жүйені жөндеу жұмысы кезінде автоматты түрде жасайды. Қалпына келтіру нүктесін қолмен жасамасаңыз да, автоматты түрде жасақталған нүктеге қайтаруды таңдауыңызға болады. Windows жүйесінің қалпына келтіру қызметі туралы қосымша ақпаратты және қосу қадамдарын анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында **c** әрпін жазыңыз, одан кейін **справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.
- Егер сізге жеке ақпаратыңызды, параметрлерді немесе компьютерге алдын ала орнатылған немесе Windows дүкенінен сатып алынған қолданбаларды жоғалтпастан жылдам әрі оңай қалпына келтіру керек болса, Windows жүйесін қайта жаңарту опциясын қолданып көріңіз. Бұл қызмет деректерді басқа драйвқа сақтық көшіруді қажет етпейді. [Windows жаңалау қызметін жылдам және оңай қалпына келтіру үшін қолдану 57-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Егер компьютерді бастапқы күйіне қайтару қажет болса, Windows жүйесі барлық жеке деректер, қолданбалар және параметрлерді оңай алып, Windows жүйесін қайта орнату жолын ұсынады.

Толығырақ ақпарат үшін, [Барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнатыңыз. 57-бетте](#) бөлімін қараңыз.

- Компьютерді кішірейтілген бейнемен бастапқы қалпына келтіру керек болса, HP Recovery бөліміндегі (тек таңдаулы үлгілерде) немесе HP Recovery құралындағы HP кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру опциясын таңдауға болады. Кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру тек драйверлер мен аппараттық құралдарды қосатын қолданбаларды орнатады. Бейнедегі басқа қолданбаларды HP Recovery Manager ішіндегі Драйверлер мен қолданбаларды қайта орнату опциясын арқылы орнату беруге болады.

Толығырақ ақпарат үшін, [HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына келтіру 58-бетте](#) бөлімін қараңыз.


- Егер компьютердің зауытта орнатылған бөлшектеулері мен мазмұнын қалпына келтіргіңіз келсе, HP қалпына келтіру бөлігіндегі (таңдаулы үлгілерде ғана) жүйені қалпына келтіру мүмкіндігін немесе өзіңіз жасақтаған HP қалпына келтіру медиасын қолданыңыз. Толығырақ ақпарат үшін, [HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына](#)


[келтіру 58-бетте](#) бөлімін қараңыз. Қалпына келтіру медиасын әлі жасақтамасаңыз, [HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#) бөлімін қараңыз.


- Қатты дискіні ауыстырсаңыз, зауыттық бейнесін ауыстыратын драйвта қалпына келтіру үшін HP қалпына келтіру медиасының зауыттық қайта реттеу опциясын қолдануға болады. Толығырақ ақпарат үшін, [HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына келтіру 58-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Қатты драйвтағы орынды босату үшін қалпына келтіру бөлшегін алып тастағыңыз келсе, HP қалпына келтіру менеджері қалпына келтіру бөлшегін алып тастау мүмкіндігін ұсынады. Толығырақ ақпарат үшін, [HP Recovery бөлімін жою 60-бетте](#) бөлімін қараңыз.

## Windows жаңалау қызметін жылдам және оңай қалпына келтіру үшін қолдану

Компьютер дұрыс жұмыс істемесе және сізге жүйені тұрақтандыру қажет болса, Windows жаңалау опциясы жаңалап алып бастауға және маңызды нәрселерді сақтап қалуға көмектеседі.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Жаңалау жұмыс үстеліндегі зауытта орнатылмаған барлық қолданбаларды алып тастайды. Компьютерде алдын ала орнатылған Windows 8 қолданбалары және Windows дүкенінен сатып алынған қолданбалар сақталады.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңалау кезінде алынған қолданбалар тізімі жұмыс үстеліне сақталады, қайта орнатылатын қолданбаларды сол тізімнен жылдам қарауға болады. Қолданбаларды қайта орнату нұсқауларын анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз. Бастау экранында сәріпін жазыңыз, одан кейін **Справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Жаңалау қызметін қолданғанда құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау бөлімін қараңыз. Бастау экранында сәріпін жазыңыз, одан кейін **Справка и помощь** (анықтама және қолдау) пәрменін таңдаңыз.

Жаңалауды бастау үшін:

1. Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттаңыз.
2. **Настройки** (параметрлер) тармағын басыңыз.
3. Экранның төменгі оң жақ бұрышынан **PC параметрлерін өзгерту** пәрменін басыңыз, одан кейін PC параметрлері экранынан **жалпы** тармағын таңдаңыз.
4. **Восстановление ПК без удаления файлов** (Файлдарды жоймастан ДК қалпына келтіру) параметрін көрсету үшін оң жақтағы параметрлер тізімінің төменгі бөлігіне жылжыңыз.
5. **файлдарға әсер етпей PC жаңалау** тармағынан **бастау** пәрменін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнатыңыз.

Компьютерді қайта қолдану орталығына өткізерде оны тәптіштеп қайта форматтаңыз немесе жеке ақпаратты жойыңыз. Осы бөлімде компьютерді оның бастапқы күйіне қайтару үшін жылдам әрі оңай әдіс сипатталады. Бұл опция барлық жеке деректерді, қолданбаларды және параметрлерді компьютерден алып, Windows жүйесін қайта орнатады.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бұл опция ақпараттың сақтық көшірмесін жасамайды. Бұл қызметті пайдаланарда өзіңізге қажетті жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасаңыз.

Бұл мүмкіндікті **f11** пернесін басу арқылы немесе бастау экранында іске қоса аласыз.

**f11** пернесін пайдалану үшін

1. Компьютер жүйесін іске қосу барысында **f11** пернесін басыңыз.  
– немесе –  
Қосу түймесін басқанда **f11** пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Пернетақтаның орналасу күйін таңдаңыз.
3. Жүйені іске қосу опцияларынан **ақаулықты жою** пәрменін таңдаңыз.
4. **PC параметрлерін өзгерту** пәрменін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бастау экранын қолдану үшін:

1. Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді бастау экранынан экранның оң жақ түбіндегі жоғарғы немесе төменгі бұрышына бағыттаңыз.
2. **Настройки** (параметрлер) тармағын басыңыз.
3. Экранның төменгі оң жақ бұрышынан **PC параметрлерін өзгерту** пәрменін басыңыз, одан кейін PC параметрлері экранынан **жалпы** тармағын таңдаңыз.
4. **Удаление всех данных и переустановка Windows** (Барлық деректерді жою және Windows жүйесін қайта орнату) параметрін көрсету үшін оң жақтағы параметрлер тізімінің төменгі бөлігіне жылжыңыз.
5. **Барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнату** тармағынан **бастау** пәрменін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## HP қалпына келтіру менеджерін қолданып қалпына келтіру

HP қалпына келтіру менеджері бағдарламасы компьютердің зауытта орнатылған бастапқы күйін өзіңіз жасаған HP қалпына келтіру медиасы арқылы немесе HP қалпына келтіру бөлігі (таңдаулы үлгілерде ғана) арқылы қалыпан келтіру мүмкіндігін ұсынады. Қалпына келтіру медиасын әлі жасақтамасаңыз, [HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#) бөлімін қараңыз.

HP қалпына келтіру құралының көмегімен төмендегі қалпына келтіру опцияларының бірін таңдауға болады:

- Жүйені қалпына келтіру—Бастапқы амалдық жүйені қалпына келтіріп, зауытта орнатылған бағдарламалардың параметрлерін реттейді.
- Кішірейтілген бейнеден қалпына келтіру (таңдаулы үлгілерде ғана)—Амалдық жүйені және барлық аппараттық құралдармен байланысты драйверлер мен бағдарламалық құралдарды қайта орнатады, бірақ басқа бағдарламалық құрал қолданбаларын орнатпайды.
- Factory Reset (Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру): компьютерді қатты дискіден барлық ақпаратты жойып, бөлімдерді қайта жасау арқылы түпнұсқалық бастапқы зауыттық күйіне қалпына келтіреді. Содан кейін, амалдық жүйе мен зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қайта орнатады.

HP қалпына келтіру бөлшегі (таңдаулы үлгілерде ғана) жүйені және шағындалған бейнені қалпына келтіру мүмкіндігін береді.



## Сізге нені білу керек

- HP менеджері зауытта орнатылған бағдарламаны ғана қалпына келтіреді. Бұл компьютермен жабдықталмаған бағдарламаларды не өндіруші вебсайтынан немесе өндіруші жабдықтаған тиісті медиадан жүктеп алуыңыз керек.
- HP қалпына келтіру менеджері компьютер ақаулықтарын жоятын соңғы әрекет болып табылады.
- HP Recovery құралы компьютердің қатты дискісінде ақау болғанда қолданылуы керек. Қалпына келтіру медиасын әлі жасақтамасаңыз, [HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру опцияларын қолдану үшін HP қалпына келтіру құралын пайдалану керек. Қалпына келтіру медиасын әлі жасақтамасаңыз, [HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- HP қалпына келтіру медиасы жұмыс істемесе, қалпына келтіру медиасын HP веб-сайтынан алуға болады. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: <http://www.hp.com/go/contactHP>. Әлем бойынша көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html).



**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** HP қалпына келтіру менеджері жеке ақпаратыңыздың сақтық көшірмесін жасамайды. Қалпына келтіру алдында өзіңізге қажетті жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасаңыз.

## HP қалпына келтіру бөлшегін қолдану (таңдаулы үлгілерде ғана)

HP Recovery бөлімі (тек таңдаулы үлгілерде) қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру USB флэш-жадын пайдаланбастан кішірейтілген бейнені қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қалпына келтірудің бұл түрін тек қатты диск жұмыс істеп тұрғанда пайдалану мүмкін болады.

HP қалпына келтіру менеджерін HP қалпына келтіру бөлшегінен бастау

1. Компьютер жүйесін іске қосу барысында **f11** пернесін басыңыз.  
– немесе –  
Қосу түймесін басқанда **f11** пернесін басып, ұстап тұрыңыз.
2. Пернетақтаның орналасу күйін таңдаңыз.
3. Жүйені іске қосу опцияларынан **ақаулықты жою** пәрменін таңдаңыз.
4. **HP қалпына келтіру менеджері** пәрменін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Қалпына келтіру үшін HP қалпына келтіру медиасын қолдану


HP қалпына келтіру медиасын түпнұсқа жүйені қалпына келтіру үшін қолдануға болады. Бұл әдісті егер жүйеңізде HP қалпына келтіру бөлшегі болмаса немесе қатты диск дұрыс жұмыс істемесе қолданыңыз.

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдарды көшіріңіз.
2. Бірінші жасалған HP Recovery дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне салыңыз да, компьютерді қайта іске қосыңыз.

– немесе –

HP Recovery USB флэш-жадын компьютердің USB портына салып, компьютерді қайта іске қосыңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютер автоматты түрде HP қалпына келтіру менеджерінде қайта басталмаса, компьютер жүйесін іске қосу тәртібін өзгертіңіз. [Компьютер жүйесін іске қосу тәртібін өзгерту 60-бетте](#) бөлімін қараңыз.

---

3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Компьютер жүйесін іске қосу тәртібін өзгерту

Егер компьютер автоматты түрде HP қалпына келтіру менеджерінде қайта басталмаса, компьютер жүйесін іске қосу тәртібін, яғни BIOS тізіміндегі құралдар тізімін өзгертіңіз, компьютер бастау ақпаратын сол жерден іздейді. Оптикалық драйв немесе USB флэш драйвының опцияларын өзгертуге болады.


Жүйені іске қосу тәртібін өзгерту үшін:

1. Жасалған HP Recovery құралын салыңыз.
2. Жүктеу опцияларын көрсету үшін, компьютерді өшіріп қайта бастаңыз және **esc** пернесін тез басып қалып, **f9** пернесін басыңыз.
3. Жүктелетін оптикалық дискіні немесе USB флэш-дискісін таңдаңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## HP Recovery бөлімін жою

HP қалпына келтіру менеджері бағдарламасы HP қалпына келтіру бөлшегін қатты драйвтан алып тастап, орын босату мүмкіндігін береді.

---

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** HP қалпына келтіру бөлшегін алған соң, Windows жаңарту опциясын, Windows жүйесінің барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнату мүмкіндігін немесе HP қалпына келтіру менеджері мүмкіндігін қолдана алмайсыз. Қалпына келтіру бөлшегін алмас бұрын, HP қалпына келтіру медиасын жасақтап алыңыз. мына жерден қараңыз: [HP қалпына келтіру медиасын жасау 55-бетте](#).

---

HP қалпына келтіру бөлшегін алу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранында **восстановить** (қалпына келтіру) сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен **HP қалпына келтіру менеджері** тармағын таңдаңыз.
2. **Қалпына келтіру бөлшегін алу** тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

# 11 Ақауларды жою

## Сымсыз байланыс мәселелері

Кейбір сымсыз байланыс мәселелерінің себептеріне мыналар жатады:

- Сымсыз құрал қосылмаған.
- Сымсыз құрал дұрыс орнатылмаған немесе өшірілген.
- Сымсыз құралға басқа құралдардан кедергі бар.
- Сымсыз құрал немесе рутер құралы жұмыс істемейді.

### WLAN жүйесіне қосыла алмады.

WLAN жүйесіне қосылу мәселесі туындаса, орнатылған WLAN құралы қосылып тұрғанын және компьютерде дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

1. Компьютердің сымсыз құрылғысы қосұлы екенін тексеріңіз.
2. WLAN жүйесіне қайта қосылып көріңіз.

Әлі де қосылмаса, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
2. **Жүйе және қауіпсіздік** бөлімін таңдаңыз, одан кейін **жүйе** аймағынан **құрал менеджері** тармағын басыңыз.
3. Тізімді кеңейтіп, барлық адаптерді көру үшін **желі адаптерлері** тармағының жанындағы жебені басыңыз.
4. Желі адаптерлерінің тізімінен WLAN құралын анықтаңыз. WLAN құралы *сымсыз*, *сымсыз LAN*, *WLAN* немесе *802.11* терминдерімен берілуі мүмкін.

Егер WLAN құралы тізімде болмаса, компьютеріңізде WLAN құралы орнатылмаған немесе WLAN құралының драйвері дұрыс орнатылмаған.

WLAN ақаулықтары туралы ақпаратты анықтама және қолдау бөлімінде берілген вебсайт сілтемелерінен қараңыз.

### Қажетті желіге қосыла алмады.

Желіге WLAN қауіпсіздік құпия сөзімен қорғалғандықтан қосыла алмауыңыз мүмкін. Мұндай түрлі WLAN жүйесіне қосылу үшін қауіпсіздік кодыңыз болуы керек. Қосымша ақпарат алу үшін, келесі бөлімді қараңыз.

Қауіпсіздік коды мәселе болмаса, WLAN жүйесі бүлінген болуы мүмкін. Әдетте Windows жүйесі бүлінген WLAN байланысын автоматты түрде жөндейді.

- Хабарландыру аймағының тапсырмалар бағанасының оң жақ түбінде желі күйінің таңбасы бар болса, таңбаның оң жағын басып, **ақаулықтарды жою** пәрменін басыңыз.

Windows желі құралын қайта реттеп, қажетті желіге қосуға әрекеттенеді.

- Егер хабарландыру аймағында таңба болмаса, мына қадамдарды орындаңыз:
  1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
  2. **Желі және интернет**, одан кейін **желі және бөлісу орталығы** тармақтарын таңдаңыз.
  3. **Ақаулықтарды жою** тармағынан жөндейтін желіні таңдаңыз.

## Ағымдағы желінің қауіпсіздік коды жоқ

WLAN жүйесіне енгенде қауіпсіздік коды (немесе желі кілті) немесе атауы (SSID) талап етілсе, желі қорғалған. SSID және қауіпсіздік коды компьютерді желі тану үшін енгізілетін альфанөмірлік кодтар. Қорғалған желі жүйесіне қосылу үшін қауіпсіздік кодыңыз болуы керек.

- Жеке сымсыз рутерге қосылған желі туралы және рутер мен WLAN жүйесіне бірдей код тағайындау туралы нұсқауларды рутер қолданушысының нұсқаулығынан қараңыз.
- Жеке желі, мысалы, офисте немесе қоғамдық интернеттік чат бөлмесіндегі желінің коды жайлы желі әкімшісіне хабарласаңыз, қажет болғанда сол кодты енгізіңіз.

Кейбір желілер қауіпсіздік мақсатында SSID немесе желі кілттерін жиі өзгертіп отырады. Сізге де компьютеріңіздің кодын соған сәйкес өзгертіп отыру керек.

Сізге жаңа сымсыз желі кілті берілсе және жаңа SSID берілсе және сіз сол желіге бұрыннан қосылған болсаңыз, желіден шығу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы желі күйінің таңбасын басыңыз.

Байланыстағы WLAN-дар тізімі көрсетіледі. Бірнеше WLAN қосылған торап болса, барлығы көрсетіледі.

2. Желінің оң жағын басып, **сипаттамалары** тармағын басыңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Сізге қажетті желі тізімде болмаса желі әкімшісіне хабарласып, рутер немесе жетімділік нүктесі жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.

3. **Қауіпсіздік** тармағын басып, қажетті сымсыз шрифт дерегін **желі қауіпсіздігінің кілті** терезесіне енгізіңіз.
4. Параметрлерді сақтау үшін **ОК** түймесін басыңыз.

## Сымсыз рутерге қосыла алмасаңыз

Егер сымсыз рутерге қосыла алмасаңыз, сымсыз рутерді қуат көзінен 10-15 секундтай суырып, қайта реттеңіз.

Компьютер WLAN жүйесіне әлі де қосылмаса, сымсыз рутерді қайта бастаңыз. Қосымша ақпаратты рутер өндірушісінің нұсқаулығынан қараңыз.


## Желі күйінің таңбасы көрінбейді.

Желі күйінің таңбасы WLAN реттелген соң көрінбесе, бағдарлама драйвері не бүлінген, не орнатылмаған. Windows “құрал табылмады” деген хабар көрсетуі мүмкін.

Бұл мәселені шешу үшін, WLAN құралы бағдарламасының соңғы нұсқасын және драйверін <http://www.hp.com> HP вебсайтынан алыңыз.

1. Интернет браузерін ашыңыз.
2. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: <http://www.hp.com/go/contactHP>. Әлем бойынша көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html).
3. Бағдарлама және драйверді жүктеу үшін опцияны басыңыз, одан кейін компьютер үлгісінің нөмірін іздеу терезесіне жазыңыз.
4. **Енгізу** түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN құралын бөлек сатып алсаңыз, өндіруші вебсайтынан бағдарламаның соңғы нұсқасын қараңыз.

---

# Қуат мәселелері

## Компьютер қосылмайды немесе іске қосылмайды

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Айнымалы ток розеткасына әр түрлі электр құрылғыларын қосу арқылы тексеріңіз.
3. Компьютер кабельдерін қайта жалғаңыз, АТ және адаптер дұрыс қосылғанын және АТ қуат көзіне дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
4. Компьютерді қосыңыз.
  - Қуат шамдары жанса, айнымалы ток адаптері дұрыс істеп тұр.
  - Егер қуат шамдары сөніп тұрса, айнымалы ток адаптері жұмыс істемейді және оны ауыстыру қажет.

Айнымалы токтың қуат адаптерін ауыстыруды орындау туралы ақпарат алу үшін қолдау қызметімен байланысыңыз.

## Қатты дискі қателігі

1. **ctrl+alt+delete** пернелерін бірге басыңыз.
2. **Қосу** таңбасын басыңыз, одан кейін **қайта бастау** пәрменін таңдаңыз.

Немесе, компьютерді өшіру үшін компьютердегі қуат түймесін 5 немесе бірнеше секунд басып тұрыңыз және компьютерді қайта іске қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
3. Windows операциялық жүйесі ашылса, барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін бірден сыртқы қатты дискіге жасаңыз.
4. Windows қосылса да, қосылмаса да қолдау қызметіне хабарласыңыз. Қатты дискіні немесе жүйе тақтасын ауыстыру керек.

## Компьютер жауап бермейді.

Windows тапсырма менеджерін қолданып, жауап бермеген бағдарламаларды жабыңыз.

1. **ctrl+alt+delete** пернелерін басыңыз.
2. **Тапсырмалар мендежері** түймесін басыңыз.
3. Жауап бермейтін бағдарламаны таңдап, **тапсырманы аяқтау** түймесін басыңыз.

Бағдарламаларды жабу жұмыс істемесе, компьютерді қайта бастаңыз.

1. **ctrl+alt+delete** пернелерін басыңыз.
2. **Қосу** таңбасын басыңыз, одан кейін **қайта бастау** пәрменін таңдаңыз. Немесе, компьютерді өшіру үшін компьютердегі қуат түймесін 5 немесе бірнеше секунд басып тұрыңыз және компьютерді қайта іске қосу үшін қуат түймесін басыңыз.

## Компьютер күтпеген жерден өшіп қалды.

- Компьютер өте ыстық жерде болуы мүмкін. Өшіріп, суытыңыз.
- Компьютер желдеткішінің бөгелмегеніне және ішкі желдеткіш іске қосылып тұрғанын тексеріңіз. Компьютеріңіздегі желдеткіштердің орналасқан жері туралы ақпаратты [Компьютермен танысу 5-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

## Computer Setup ақаулықтары

### Компьютер Computer Setup утилитасына кірмейді

Егер компьютер **f10** пернесін басқанда орнату утилитасына кірмесе, **fn+f lock** пернелерін басыңыз, одан кейін орнату аспабын қайта бастап көріңіз.



# Дисплей мәселелері

## Дисплей бос

- Ұйқы режимінен шықсаңыз, экран бейнесі қайта көрсетіледі.
  - Қуат түймесін басыңыз.
  - Пернетақтадағы бір пернені басыңыз.
  - Бос орын пернесін басыңыз.
  - **esc** пернесін басыңыз.
- Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз.


## Экрандағы кескін тым үлкен немесе кішкентай немесе кескіндер анық емес.


Ажыратымдылық параметрлерін реттеңіз.

1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
2. **Келбеті мен жекелендіру** қызметін таңдаңыз.
3. **Дисплей** тармағынан **экран ажыратымдылығын реттеу** пәрменін таңдаңыз.
4. Ажыратымдылықты қажетінше реттеп, **қолдану** түймесін басыңыз.

## Пернетақта және тінтуір мәселелері

- Сымсыз пернетақтаны немесе сымсыз тінтуірді қабылдау аумағында қолданып отырғаныңызды тексеріңіз.
- 20 минут қолданылмаған тінтуір тоқтату режиміне қосылады. Қайта қосу үшін тінтуірдің сол жақ түймесін басыңыз.
- Пернетақтадағы және тінтуірдегі батареяларды ауыстырыңыз.
- Тұғырдың түбіндегі сымсыз USB қабылдағышты алып, қайта енгізіңіз. Пернетақта мен тінтуірді қабылдағышқа қайта жалғаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Төмендегі суреттер сіздің пернетақтаңыз бен тінтуіріңізден өзгеше болуы мүмкін.


 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бұл қадамдар барысында сымсыз пернетақта мен тінтуірді қабылдағышпен бір деңгейге қойыңыз.

Сымсыз тінтуір мен пернетақтаны қайта жұптау:

1. Тұғырдың түбіндегі сымсыз USB қабылдағышты алып, қайта енгізіңіз. USB портының орналасқан жері туралы ақпаратты [Астында 12-бетте](#) бөлімінен қараңыз.



2. Тінтуірдің қосылып тұрғанын тексеріңіз **(1)**, одан кейін қосу түймесін **(2)** басып, 5-10 сек жарық диодты шамы жанғанша немесе жарқылдауын қойғанша ұстап тұрыңыз. Байланысты растау үшін, тінтуірді қозғап, экрандағы жауабын тексеріңіз.



3. Тінтуір қосылған соң, пернетақтамен қайта жұптау үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

4. Пернетақтадан **(3)** қосу түймесін басып, 5-10 секундтай қабылдағыштың жарықдиодты шамы жанғанша немесе жарқылы тоқтағанша ұстап тұрыңыз.



# Аудио мәселелері

## Дыбыс шығарылмады

- Спикерлердің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Спикерлер арқылы немесе компьютер жұмыс жүйесі арқылы дыбысын реттеңіз.
- Компьютерді өшіріп, динамиктерді ажыратып, қайта қосыңыз. Спикерлердің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Құлақаспаптар компьютерге (немесе динамик жүйесіне) қосылған болса, оларды ажыратыңыз.
- Компьютер ұйқы режимінде болса, қосу түймесін басып, ұйқы күйінен шығарыңыз.
- Аудио функцияларын тексеріңіз.

Компьютерде аудио функцияларын тексеру үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранынан **c** әрпін теріп, одан кейін **басқару панелі** пәрменін таңдаңыз.
2. **Құрал және дыбыс** тармағынан **дыбыс** бөлімін таңдаңыз.
3. Дыбыс терезесі ашылғанда, **дыбыстар** пернесін басыңыз. **Бағдарламалар оқиғалары** тармағынан дыбыс сигналы немесе ескерту дыбысы сияқты кез-келген дыбыс түрін таңдаңыз, одан кейін **сынау** түймесін басыңыз.

Спикерлер немесе құлақпаптар арқылы дыбыс шығады.

Компьютерде таспа жазу функцияларын тексеру үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Бастау экранына **s** әрпін теіңіз, одан кейін **дыбыс жазу** пәрменін таңдаңыз.
2. **Таспа жазу** пәрменін басып, микрофонға сөйлеңіз. Файлды Windows жұмыс үстеліне сақтаңыз.
3. Мультимедиа бағдарламасын ашып, файлды ойнатыңыз.




**ЕСКЕРІМ:** Компьютердегі аудио параметрлерін растау немесе өзгерту үшін бастау экранына **c** әрпін теріп, **басқару панелі** тармағын таңдаңыз. **Құрал және дыбыс** тармағынан **дыбыс** бөлімін таңдаңыз.

## Компьютерлік бағдарламалар мәселелері

- Компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
- Драйверлерді жаңартыңыз немесе қайта орнатыңыз [Бағдарламалар мен драйвтарды жақсарту 44-бетте](#) тармағын қараңыз.
- Компьютерді жаңалаңыз немесе қалпына келтіріңіз. [Сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру және жөндеу 53-бетте](#) тармағын қараңыз.

## 12 Техникалық сипаттамасы

### Жұмыс сипаттамалары

 **ЕСКЕРІМ:** Электр сипаттамаларын дәл анықтау үшін компьютер корпусының сыртқы жағында орналасқан компьютердің жұмыс параметрлері бар жапсырманы қараңыз.

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
Жұмыс температурасы	5 - 35°C	41 - 95°F
Сақтау температурасы	-30-65°C	-20-149°F
Жұмыс ылғалдылығы	15% -80% @ 26°C	15% -80% @ 78°F
Жұмыс биіктігі:	0 - 2000 м	0 - 6561 фут
Сақтау биіктігі:	0 - 4572 м	0 - 15000 фут

---

## 13 Электростатикалық разряд

Электростатикалық ток соғу—екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электростатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерге зақым келтіруі мүмкін. Компьютерге, диск жетегіне зақым келтіру қаупін немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Алу немесе орнату нұсқаулары бойынша компьютерді ажырату қажет болса, компьютерді ажыратпас бұрын немесе қақпағын алмас бұрын өзіңіздің жерге дұрыс тұйықталғаныңызды тексеріңіз.
- Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электростатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
- Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тиіменіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
- Магниттенбейтін құралдарды пайдаланыңыз.
- Бөлшегін ұстарда, бөлшектің боялмаған бетін ұстап, тұрақты тоқтың болмауын қамтамасыз етіңіз.
- Бөлікті алған кезде оны электростатикалық заряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.

Егер статикалық электр қуаты туралы қосымша ақпарат немесе бөліктерді алып тастау не орнату кезінде көмек қажет болса, қолдау орталығына хабарласыңыз.

# Индекс

- А**  
ажыратымдылығы жоғары құрылғылар, жалғау 21  
Айнымалы ток адаптерінің шамы, анықтау 10  
ақауларды жою 61  
аудио функциялары 70  
дисплей бос 67  
Компьютер жауап бермейді. 64  
компьютер күтпеген жерден өшіп қалды. 65  
компьютер қосылмайды 64  
компьютерлік бағдарламалар мәселелері 71  
қатты дискі қателігі 64  
пернетақта 68  
сымсыз байланыс 61  
Сымсыз тінтуір мен пернетақтаны қайта жұптау 68  
тінтуір 68  
экрандағы бейне мәселелері 67  
антенналар  
Өрісі жақын сымсыз байланыс (NFC) антеннасы 11  
астында 13  
аудио-кіріс (микрофон), анықтау 10  
аудио-шығыс (құлаққап) ұясы, анықтау 10
- Ә**  
әрекеттік пернелер алдыңғы 33  
анықтауда 32  
келесі жол немесе бөлімі 33
- ойнату, кідірту қайта ойнату 33  
пайдалану 33  
тоқтату 33
- Б**  
бағдарлама жаңартулары, орнату 48  
бағдарламалар, жаңарту 44  
бағдарламалық құрал CyberLink MediaSuite 22  
Дискіні дефрагментациялау 43  
Барлығын алып, Windows жүйесін қайта орнатыңыз. 57  
бейне 21  
бөліктер  
алдыңғы жағы 6
- В**  
веб камера пайдалану 20  
веб камера шамы анықтауда 6  
вебкамера шамы, анықтау 6
- Д**  
дад картасы, енгізу 41  
дискілер, жаңарту 44  
Дискіні дефрагментациялау бағдарламасы 43  
Дискіні тазалау 43  
дыбыс деңгейін реттеу пернелері, анықтау 32  
дыбыс, реттеу 20
- Е**  
ең жақсы тәжірибе 1
- Ж**  
жад карталарды оқу құралы, анықтау 12  
жапсырмалар  
Bluetooth 13  
WLAN 13  
нормативтік 13  
сериялық нөмір 13  
сымсыз куәлік 13  
жаңалау  
Windows 57  
компьютер 56  
қалпына келтіру 56  
жойылған файлдар қалпына келтіру 56  
жұмыс сипаттамалары 72  
жүйе жауап бермесе 38  
жүйені қалпына келтіру 58  
жүйені қалпына келтіру нүктесі жасау 54  
қалпына келтіру 56  
жүктеу реті  
HP қалпына келтіру менеджерін өзгерту 60
- И**  
Интернет байланысын орнату 16  
Интернет қауіпсіздігі бағдарламасы, қолдану 47
- К**  
кабельдер, USB 41  
компьютерді қайта реттеу 57  
компьютерді қорғау 44  
компьютерді өшіру 38  
компьютерді сапарға алып шығу 13  
компьютерді тазалау 44



- компьютерлік бағдарлама, жаңарту 48
- Күту
  - қосу 37
  - шығу 37
- күту, дискіні дефрагментациялау 43
- кірістірілген сандық пернетақта, анықтау 33, 35
- кішірейтілген бейне жасау 58
- кішірейтілген бейнені қалпына келтіру 59
- К**
- қайта жұптау, сымсыз тінтуір мен пернетақта 68
- қайта қолдану
  - компьютер 56, 57
- Қайта орнату
  - компьютер 56, 57
  - қадамдар 57
- қалпына келтіру
  - HP қалпына келтіру медиасын қолдану 55
  - HP қалпына келтіру менеджері 58
  - USB флэш драйвы 60
  - Windows файл тарихы 56
  - дискілер 55, 60
  - жаңалау 57
  - жүйе 58
  - қолдауы бар дискілер 55
  - медиа 60
  - параметрлер 54
  - іске қосу 59
- қалпына келтіру бөлшегі алу 60
- қалпына келтіру медиасы
  - HP қалпына келтіру менеджерін қолданып жасау 55
  - жасау 55
- қатты диск шамы, анықтау 8
- қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 10
- қауіпсіздік, сымсыз 16
- қолдауы бар дискілер
  - қалпына келтіру 55
  - қосу түймесі, анықтау 11
- қуат қосқышы, анықтау 10
- қуат параметрлері: 72
- құлаққап ұясы, анықтау 10
- құлаққаптар, қосу 20
- құпия сөздер
  - Computer Setup (BIOS) 47
- құпиясөздер
  - Windows 46
- құрамдас бөлшектері
  - артқы 11
  - астында 12
  - оң жағы 7
  - сол жағы 9
- қызықты әрекеттер 2
- М**
- маңызды жаңартулар, орнату 48
- микрофондар, анықтау 6
- Н**
- нормативтік деректер
  - нормативтік жапсырма 13
  - сымсыз куәлік жапсырмалары 13
- О**
- орнатылған вебкамера шамы, анықтау 6
- ортақ WLAN байланысы 17
- ортақ медиа 23
- оянған кезде құпиясөзбен қорғау 38
- оң жақ шетінен сырғыту 29
- Ө**
- өнім аты және нөмірі, компьютер 13
- Өрісі жақын сымсыз байланыс (NFC) антеннасы, анықтау 11
- өшіру 38
- П**
- пернелер
  - fn 32
  - Windows қолданбасы 32
  - Windows таңбасы 32
  - дыбыс деңгейі 32
  - Ұйқы 33
- порттары
  - HDMI-кірiсі 9, 21
  - USB 2,0 порттары 8
  - USB 3.0 7
  - USB 3.0 (зарядтау) қуатталатын порты 8
- С**
- Сабвуфер қосқыш, анықтау 8
- сақтық көшірме жасау 53
- жеке файлдар 54
- саусақты жиектен жылжыту қимылдары 29
- жоғарғы шетінен сырғыту 30
- Сенсорлы экран қимылдары 29, 30
- айналдыру 29
- бір саусақты сырғыту 27
- жылжыту 28
- қысу 28
- саусақты жиектен жылжыту қимылдары 29, 30
- тұрту 27
- Сенсорлы экран, пайдалану 27
- сенсорлы экранда қысу қимылы 28
- сенсорлы экраннан масштабтау қимылы 28
- сериялық нөмір 13
- сериялық нөмір, компьютер 13
- сол жақ сырғыту 30
- спикерлер
  - қосу 20
- сымды желі, қосылуда 18
- сымсыз байланыс шамы 15
- сымсыз басқарулар, жұмыс жүйесі 15
- сымсыз желі (WLAN)
  - WLAN байланысын біріктіру 17
  - жарамдылық аумағы 17
  - қауіпсіздік 16
  - қосу 17
  - құрал қажет 16
  - ортақ WLAN байланысы 17
  - пайдалану 16
- сымсыз куәландыру жапсырмалары 13
- сымсыз рутер 16

- T**  
таңбалық пернелер, Windows  
8 34  
техникалық сипаттамалары 72  
торап 40  
түймешіктер  
HDMI-кірісі 12  
қуат көзі 11  
түпнұсқа жүйені қалпына  
келтіру 58
- Ұ**  
Ұйқы  
қосу 37  
шығу 37  
Ұйқы пернесі, анықтау 33  
ұялары  
аудио-кіріс (микрофон) 10  
RJ-45 (желі) 8  
аудио-шығыс (құлаққап) 10  
ұяшықтар  
қауіпсіздік кабелі 10
- Ү**  
үндеткіштер, анықтау 6
- Ш**  
шамдар  
Айнымалы ток адаптері 10  
веб камера 6  
қатты драйв 8
- Э**  
электростатикалық разряд 73
- В**  
Beats Audio 21  
Beats аудио басқару панелі 21  
BIOS  
жаңарту 49  
жаңартуды жүктеп алу 50  
нұсқаны анықтау 49  
Bluetooth жапсырмасы 13  
Bluetooth құрал 15
- С**  
Computer Setup (BIOS) құпия  
сөздері 47  
Computer Setup (BIOS),  
қолдану 49
- F**  
fn пернесі, анықтау 32
- H**  
HDMI-in порты  
қосу 21  
HDMI-in түймесі, анықтау 12  
HDMI дыбысы 22  
HDMI кіріс порттары, анықтау 9  
HDMI, аудио қолдану 22  
HP PC Hardware Diagnostics (HP  
ДК құралын диагностикалау)  
жүктеу 51  
HP қалпына келтіру бөлшегі  
алу 60  
қалпына келтіру 59  
HP қалпына келтіру медиасы  
жасау 55  
қалпына келтіру 60  
HP қалпына келтіру менеджері  
жүйені іске қосу мәселесін  
жөндеу 60  
іске қосу 59
- I**  
ISP 15
- L**  
LAN, қосылуда 18
- N**  
NFC 23  
NFC Android телефоны 24  
num lock түймесі, анықтауда 35
- R**  
RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 8
- S**  
sMedio 360 бағдарламасы 23
- U**  
USB 2.0 порттары, анықтау 8  
USB 3.0 (зарядтау) қуатталатын  
порты, анықтау 8  
USB 3.0 порттары, анықтау 7  
USB кабелі, жалғау 41  
USB құралдары  
алу 41  
қосу 40  
сипаттама 40
- USB торабы 40
- W**  
Windows  
Барлығын алып, опцияны  
қайта орнатыңыз. 57  
Жаңалау 56, 57  
жүйені қалпына келтіру  
нүктесі 54, 56  
Қайта орнату 57  
қайта орнату 56, 57  
сақтық көшірме 54  
Файл тарихы 54, 56  
файлдарды қалпына  
келтіру 56  
Windows жаңартулары, орнату  
48  
Windows қолданба пернесі,  
анықтау 32  
Windows құпия сөздері 46  
Windows лого пернесі, анықтау  
32  
WLAN антенналары, анықтау  
(2)\* 6  
WLAN байланысын біріктіру 17  
WLAN жапсырмасы 13  
WLAN жүйесін жалғау 17  
WLAN құрылғысы 13, 15  
WLAN орнату 16